

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства**

**Қозғалыс жылдамдығы 2 м/с-тен 4 м/с дейін жүк-
жолаушылар лифттерін монтаждау жұмыстарын
жүргізуге арналған**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по монтажу грузопассажирских
лифтов со скоростью движения от 2 м/с до 4 м/с**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта
ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті
- 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №358-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** алғашқы рет

Предисловие

- 1. РАЗРАБОТАНЫ** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ** Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)
- 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 2 ноября 2015 года № 358-НҚ
- 4. ВЗАМЕН** впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолданылу саласы.....	1
3 Нормативтік сілтемелер.....	3
4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары	5
5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы	13
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	87
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар	89
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	96
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы және нормалануы	101

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ 2 м/с-тен 4 м/с ДЕЙІН ЖҮК-ЖОЛАУШЫЛАР ЛИФТТЕРІН МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

Енгізілген күні 2015-11-02

1 Жалпы ережелер

1.1 Қозғалыс жылдамдығы 2 м/с-тен 4 м/с дейін жүк-жолаушылар лифттерін монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық карта қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің (бұдан әрі – мәтін бойынша – НҚА) және нормативтік техникалық құжаттардың (бұдан әрі – мәтін бойынша – НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиялары және оларды механикаландыру жөніндегі ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын негізгі материалдардың сипаттамалары;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы және нормалау.

1.4 Технологиялық картадағы еңбек режимі еңбекті бөлу, жетілдірілген құралдар мен мүкәммалды қолдану ескеріле отырып, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, бригада жұмысшыларының арасында міндеттерді нақты бөлу кезінде еңбек процестерін атқарудың оңтайлы шарттары негізге алынып қабылданды.

2 Қолданылу саласы

2.1 Технологиялық картада машина бөлімшесі жоғарыда орналасқан, полиспастылы және тартқыш арқандары тура тартылатын (оралатын, жүк көтергіштігі қоса алғанда 1350-ден 1600 кг дейінгі және көтеру жылдамдығы 2,0 м/с-тен 4,0 м/с дейінгі, электр жетекпен жұмыс істейтін жүк-жолаушылар (жолаушылар) жүрдек лифттерін монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау көзделеді.

Жүк көтергіштігі 1350 және 1600 кг көтеру жылдамдығы 2,0 м/с-тен 4,0 м/с дейінгі лифттер қабаттылығы жоғары ғимараттарға монтаждалады.

Лифттің жылдамдығын таңдау жобалау кезінде есепке сәйкес және лифтті жасаушымен келісім бойынша анықталады.

Осы санаттағы жүрдек лифттер неғұрлым қуатты шығырлармен, кабина және қарсы салмақ бағыттағыштары бар кронштейндермен, белгілі бір тарамдар саны бар арқандармен (тростармен) және барынша көлемді буфер құрылғыларымен жабдықталады.

Жолаушыларды жүрдек лифттері көтеру биіктігі жоғары ғимараттарда қолданылады, бұл ретте шұңқырының тереңдігі, жоғарғы қабатының биіктігі және машина үй-жайының биіктігі көтеру биіктігі орта және шағын лифттерден елеулі түрде ерекшеленеді.

Жүрдек лифттер үшін пайдаланылатын күшейтілген арқан кабинаның ауыр салмағын көтеруге қабілетті, үйкеліске жоғары беріктікті иеленеді және лифттің жұмысы кезінде тұрақты түрде өзгеріп отыратын тербелістің резонанстық жиілігін жеңуге қабілетті.

Машина бөлімшесі жоғарыда орналасқан лифт шахтасының жалпы түрі 1-суретте келтірілген.

2.2 Жұмыстар жүргізудің шарттары және ерекшеліктері:

- лифттерді монтаждау жөніндегі жұмыстар Техникалық регламентте, ҚР ҚН 1.03-00, МЕМСТ 22011-95, МЕМСТ 22845-85 және т.б. көзделген, құрылысты ұйымдастыру жобасының (бұдан әрі мәтін бойынша ҚҰЖ), жұмыстарды ұйымдастыру жобасының (бұдан әрі мәтін бойынша ЖЖЖ) және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес атқарылуға тиіс;

- лифттерді монтаждау құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарына сәйкес температуралық жағдайлар сақталған кезде атқарылады;

- жұмыс орындарын жарықтандыру МЕМСТ 12.1.046 сәйкес болуға тиіс;

- жұмыс аймағына материалдар беру жүк көтергіштігі 25 т монтаждау кранымен жүзеге асырылады (ҚҰЖ, ЖЖЖ талаптарына сәйкес);

2.3 Осы технологиялық картада қарастырылатын жұмыстардың құрамына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар;

- лифттерді монтаждау;

в) ақырғы жұмыстар.


2.4 Технологиялық картада ҚР ҚНжҚ 1.03-06, ҚР ҚНжҚ 5.03-37, ҚР ҚНжҚ 1.03-05 және осы технологиялық картаның 2.2-тармағының талаптары сақталған кезде лифттерді монтаждау жөніндегі жұмыстарды бір-екі ауысымда орындау көзделеді.

2.5 Технологиялық картаны байланыстыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды түзету қажет.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жасалған, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің НҚА және НТҚ тізбесі бойынша, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылмастан күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтеме қозғалмайтын бөлігінде қолданылады.



1-сурет – Машина бөлімшесі жоғарыда орналасқан лифт шахтасының жалпы түрі

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға (НТҚ) және басқа да құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 03.03.2010 ж. № 172 қаулысымен бекітілген «Лифттердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ТЖМ-нің 21.10.2009 ж. №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2011 ж. № 1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі қағидалары».

ЭОҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.10.2012 ж. № 1355 қаулысы.

ҚР ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар және құрылыстар салуды ұйымдастыру

ҚР ҚНЖҚ 1.03-05-2001	Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
ҚР ҚНЖҚ 2.02-05-2009	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі
ҚР ҚНЖҚ 5.03-37-2005	Көтергіш және қоршағыш конструкциялар
МЕМСТ 12.1.004-91	ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
МЕМСТ 12.1.013-78	ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
МЕМСТ 12.1.046-2014	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары
МЕМСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар
МЕМСТ 12.4.089-86	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру белдіктері. Жалпы техникалық шарттар
МЕМСТ 12.4.107-2012	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру арқандары. Техникалық шарттар
МЕМСТ 9416-83	Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар
МЕМСТ 11042-90	Құрылысқа арналған болат балғалар. Техникалық шарттар
МЕМСТ 22011-95	Жолаушылар және жүк лифттері. Техникалық шарттар
МЕМСТ Р 53388-2009	Лифттер. Басқару, дабылдау құрылғылары және қосымша жабдықтар
МЕМСТ Р 53770-2010	Жолаушылар лифттері. Негізгі параметрлері мен мөлшерлері
МЕМСТ Р 53771-2010	Жүк лифттері. Негізгі параметрлері мен мөлшерлері
МЕМСТ Р 55969-2014	Лифттер. Пайдалануға енгізу. Жалпы талаптар
МЕМСТ 5746-2003	Жолаушылар лифттері. Негізгі параметрлері мен мөлшерлері
МЕМСТ 8823-85	Электрмен жұмыс істейтін жүк лифттері. Негізгі параметрлері мен мөлшерлері
МЕМСТ 22845-85	Электрмен жұмыс істейтін жолаушылар және жүк лифттері. Монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу және қабылдап алу қағидалары
МЕМСТ 26334-84	Электрмен жұмыс істейтін лифттер. Жүк көтергіштігі мен жылдамдық қатарлары
МЕМСТ 28911-2004	Лифттер және шағын жүк лифттері. Басқару, дабылдау құрылғылары және қосымша айлабұйымдары
МЕМСТ Р 53771-2010	Жүк лифттері. Негізгі параметрлері мен мөлшерлері
МЕМСТ Р 53780-2010	Лифттер. Қоюға және орнатуға қойылатын жалпы талаптар
МЕМСТ 8032-84	Артықшылықты сандар және артықшылықты сандар қатары
МЕМСТ 17538-82	Тұрғындық ғимараттар лифттерінің шахталарына арналған темір-бетон конструкциялар мен бұйымдар. Техникалық шарттар
МЕМСТ 23407-78	Құрылыс алаңдары мен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізілетін учаскелерді мүкәммалдық қоршау. Техникалық шарттар
МЕМСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған арқанды жүк строптары. Техникалық шарттар
МЕМСТ 26433.1-89	Құрылыста геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді орындау қағидалары. Зауытта дайындалатын элементтер
МЕМСТ 26433.2-94	Құрылыста геометриялық параметрлердің дәлдігін

MEMСТ 26887-86

камтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстардың параметрлерін өлшеуді орындау қағидалары

Құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған алаңдар мен баспалдақтар. Жалпы техникалық шарттар

ҚР Е 8.04-1-2010 Құрылыс, жөндеу-құрылыс және монтаждау жұмыстарына арналған бірыңғай нормалар мен бағалар (БНЖБ).

Е1 жинағы. Іште салынатын көлік жұмыстары

4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

Жүрдек жүк-жолаушылар лифттерінің параметрлері

Жүрдек жүк-жолаушылар лифттерінің номиналдық жүк көтергіштерінің қарастырылатын мәндері: 1350, 1600 кг.

Жүрдек жүк-жолаушылар электр лифттерінің номиналдық жылдамдығы 2,0 м/с-тен 4,0 м/с дейінгі диапазонда қабылданады.

Жүрдек жүк-жолаушылар лифттің (бұдан әрі – лифт) жиынтығына:

- лифттің ерекшелігіне сәйкес лифттің жабдықтары, оның ішінде лифтті пайдаланудың кепілді мерзіміне есептелген қосалқы бөлшектер мен материалдар, лифтте техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін қажетті аспаптар мен керек-жарақтар (ЗИП);

- монтаждау кезіндегі іске қосу-жөндеу жұмыстарына арналған қосалқы бұйымдар, олардың ведомостарына сәйкес;

- лифтпен бірге жөнелтілетін техникалық құжаттама және ауыстыруға арналған бөлшектердің тізбесі кіреді.

Бір объектіде немесе ғимаратта орнату үшін типі, түрі, жүк көтергіштігі, жылдамдығы және орындалуы (қарсы салмағының әртүрлі орналасуы, өтпелі немесе өтпелі емес кабина және т.б.) бірдей бірнеше лифт жөнелтілген жағдайда, техникалық құжаттама 5 лифтте арнап бір данада жіберіледі. Паспортты, қағидаттық электр схемасын, қосылыстарының электр схемасын, монтаждау (орнату) сызбасын әрбір лифтпен бірге жіберу қажет.

Лифттің құрамдас бөліктерін: шығырды, гидравликалық буферді, жылдамдық шектегішті, тарту құрылғысын, егер тапсырыс берушінің басқа талабы болмаса, жиналып, реттелген түрінде жөнелту қажет.

Қабаттардағы ауыстырып қосқыштарды, шунттарды, селекция датчиктерін бекіту кронштейндері, қабаттардағы клемма қораптары қосылған қыспаларымен бірге жіберіледі. Бағыттағыштарды бекіту бөлшектері қосылған қыспаларымен бірге жиналған түрде жіберіледі.

Мыналарды бөлшектелген түрінде жіберуге жол беріледі:

- қарсы салмақ;
 - лифт кабинасы;
 - шахта есіктері;
 - жолаушылар лифттерінің шахта есіктері қуыстарының көмкермесі (ол болған жағдайда).

Жабдықтарды орнатылатын жерге жеткізген кезде:

- такелаж жабдығы мен жарақтарды таңдай және дайындау;
 - жүктер көлемдерінің оларды орналастыру жолдарының мөлшерлеріне сәйкестігін тексеру;

- жүктерді қабаттар аралықтарындағы жабындардан, төбелерден және т.б. өткізу мүмкіндігін, сондай-ақ монтаждау шығыры мен бұрма блоктарды ғимарат конструкциясының элементтеріне бекіту мүмкіндігін бас мердігермен келісу;

- жабдықтарды жеткізу және көтеру жолдарын бөгде заттардан босату;
- шығырды, блоктарды, ілмектерді және басқа да такелаж жарақтарын сенімді бекіту;
- электр шығырды сенімді түрде жерге қосу;
- шығыршы мен жүктерді көтеруге басшылық жасаушы адам арасында тиісті екіжақты байланысты қамтамасыз ету қажет;
- жабдықтарды көтеру үшін пайдаланылатын темір арқандар мен строптар МЕМСТ 25573-82* сәйкес келуге және оларда дайындаушы зауыттың сертификаты (куәлігі) болуға тиіс.

Жабдықтарды жеткізуді алдын ала, монтаждау жұмыстары басталғанға дейін немесе бөліктерімен жүргізуге болады.

Алдын ала, лифтің шахтасына тікелей жақын жерде машина үй-жайы деген белгіде алаң дайындалады және бас мердігердің өкілімен заттарды жинау орны және сақтау мерзімдері келісіледі.

Заттарды жинау алаңында жабдықтарды көтеруге дайындау қажет: строп байлау орындарын тексеру және қажет болған кезде болтты қосылыстарды қатайту керек. Көтеру кезінде жекелеген бөлшектердің түсіп қалмауын болдырмау мақсатында пакеттердің, жәшіктер мен контейнерлердің бүтіндігіне көз жеткізу; жабдықтарды көтеру кезектілігін белгілеу қажет.

Монтаждау тетіктері мен жарақтарды таңдау лифтің түріне, монтаждалатын жабдықтың массасына және көтеру биіктігіне байланысты болады.


Жүк көтергіштігі жоғары өтпелі монтаждау шығыры ықшам, әмбебап болып табылады және тростың кез келген ұзындығымен жұмыс істейді. Арқанның қарапайым жетегі белгіленген қауіпсіздік тестілеуімен бірге қызмет көрсетуге жұмсалатын болмашы шығыстарды қамтамасыз етеді. Жетек арқанның төзімділігіне ықпал етеді.

Тез монтаждауға арналған жүк көтергіштігі шағын өтпелі қол шығыры – бұл меншікті салмағы 20-дан 32 кг дейінгі жеңіл, қолайлы, әмбебап шығыр. Жүк көтергіштігі 300 кг. Тростың кез келген ұзындығын салуға болады.

Өтпелі электр шығырының қағидаттық схемалары мен сипаттамалары 2-суретте және 1-кестеде келтірілген.

Электрлі және тұтқалы қол шығырлары мен қол асқыларының сипаттамалары 2, 3 және 4-кестелерде келтірілген.

Жүк көтергіштігі жоғары өтпелі монтаждау шығыры 3-суретте келтірілген.



2-сурет – Өтпелі электр шығырының қағидаттық схемалары

1-кесте – Өтпелі электр монтаждау шығырлары

Шығыр моделі	Жүк көтергіштігі (кг)	Қуаттылығы (кВт)	Трос диаметрі (мм)	Шығыр салмағы (кг)
X300	300	0,45-0,9	8	27-29
X400	400	0,75-1,5	8	29-35
X500	500	0,9-1,8	8	40-47
X800	800	0,8-3,5	8	45-71
X1000	980	0,9-3,8	8	71-94
X1020	980	0,9-3,8	9	71-94
X1020	980	0,9-3,8	9	45-71
X1530	1500	2,8	10	49
X3050	3000	3,8-7,5	14	105-156





3-сурет – Жүк көтергіштігі жоғары өтпелі монтаждау шығыры және қосымша монтаждау шығыры

2-кесте – Электр монтаждау шығырлары

Шығыр	Тарту күші, тс	Барабанның арқан сыйымдылығы, м	Арқанның диаметрі, мм	Арқанның барабанға оралу жылдамдығы, м/мин, бірінші қабатта	Көлемі, мм			Арқанымен бірге шығыр массасы, кг
					ұзындығы	ені	биіктігі	
ЛМ-03	0,3	30	6,0	5,4	480	345	430	46,55
ЛМ-0,5 Н	0,5	80	7,7	24,6	600	560	575	120,0
ЛМ-1 Н	1,0	60	9,1	13,0	750	750	653	140,5
ЭЛ-1,5	1,5	212	13,0	20,1	1120	1116	653	725,0
Л-3002 М	3,0	150	17,5	7,9	1300	965	805	667,0 (іске қосу аппаратынсыз)
ЛМ-5	5	250	22,0	7,25	850	1308	870	1095


3-кесте – Тұтқалы қол шығырлары

Көрсеткіш	Шығырдың жүк көтергіштігі, т		
	0,75	1,5	3,0
Тұтқаның қос жүрісі кезінде арқан тартылатын ұзындық, мм	35	36	36
Тұтқадағы ең көп күш, Н	250	350	350
Арқанның диаметрі, мм	7,5	13,0	16,5
Арқанның ұзындығы, м	20	20	15
Шығырдың массасы, кг:			
- арқансыз	9	17,8	25,9
- жалпы	17	31,8	54,5

4-кесте – Қол асқылар


Асқы	Жүк көтергіштігі, т	Көтеру жылдамдығы, м/мин		Ілмектер арасындағы ең аз қашықтық, мм	Сабына түсетін күш, Н	Масса, кг
		блокпен	блоксыз			
ТР-05	0,5	0,56	1,12	382	170	6
ТР-1	1,0	0,45	0,9	570	200	12,7
ТР-1,5	1,5	2,2	4,4	680	250	18,8

Бағыттағыштары бар пакетті байлау схемасы 4-суретте келтірілген.
 Пакеттердегі шахта есіктерін байлау схемасы 5-суретте келтірілген
 Лифт шығырын байлау схемасы 6-суретте келтірілген.
 Қарсы салмақты байлау схемасы 7-суретте келтірілген.



- 1 – бағыттағыштары бар пакет;
- 2 – екі ұшты строп;
- 3 – траверс

4-сурет – Бағыттағыштары бар пакетті байлау схемасы



- 1 – есіктері бар пакет;
- 2 – пакет рамасы байланатын ілмек;
- 3 – төрт ұшты строп


5-сурет – Пакеттердегі шахта есіктерін байлау схемасы

Лифттердің механикалық және электр жабдықтарын қабылдап алуды дайындаушы кәсіпорынның жиынтықтық ведомосі және орам жәшігіне салынған орау парақтары бойынша жүргізу қажет.

Қабылдап алу кезінде анықталған жабдықтың зауыт құжаттамасына сәйкес келмеуі, толық еместігі, ақаулары және басқа да кемістіктері жабдықты қабылдау актісінде көрсетілуге тиіс.


Жаңадан салынып жатқан объектілердегі лифт жабдықтары кран жұмыс істейтін аймақта жиналуға тиіс, олар онымен лифт шахталарына беріледі, ал лифт қондырғыларын қайта жөндеу объектілерінде – олар лифт қондырғылары орналасқан, ғимаратқа кіре берістерге тікелей жақын жерге жиналуға тиіс.

Лифт жабдықтарын тасымалдау оларға қолданылатын қағидаларға сәйкес кез келген көлік түрімен жүзеге асырылады.



- 1 – көтеру ілмегі;
- 2 – строп;
- 3 – лифт шығыры;
- 4 – рама

6-сурет – Лифт шығырын байлау схемасы



- 1 – қарсы салмақ;
2 – строп;
3 – көтеру ілмегі

7-сурет – Қарсы салмақты байлау схемасы

5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

Лифт жабдығын монтаждауды жүргізуді ұйымдастыру талаптары

Лифттердің құрылыстық бөлігі құрылыс нормалары мен қағидаларының және мемлекеттік стандарттардың талаптары сақтала отырып, жобалық және технологиялық құжаттамаға сәйкес орындалуға тиіс.

Лифт жабдығын монтаждауды мамандандырылған ұйымдар дайындаушы кәсіпорынның техникалық құжаттамасына, НТҚ сәйкес Лифттерді орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларына сәйкес жүргізуге тиіс.

Лифт жабдығын жеткізудің толықтығы және оны тапсырыс берушінің қоймаларында сақтау шарттары МЕМСТ 22011-90 талаптарына жауап беруге тиіс.

Салмалы болат бұйымдар мен болат арқалықтардың ашық беттері бетон шорларынан тазартылуға тиіс.

Ортақ шахтаға бірнеше лифт орнатылған кезде, соңғылары бір-бірінен ені 100 мм аспайтын болат арқалықтармен (ригельдермен) бөлінуге тиіс. Ригельдердің осьтері бір көлденең жазықтықта жатуға тиіс, ригельдер осьтерінің олар орнатылатын жалпы тік жазықтыққа қатысты жол берілетін ауытқуы 20 мм аспауға тиіс. Ригельдерді орнату қадамы биіктігі бойынша бағыттағыш кронштейндерді бекітуге арналған салмалы болат бұйымдарды бөлу қадамына сәйкес келуге тиіс.

Машиналық және блоктық үй-жайлар «Лифттердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына жауап беруге тиіс. Машина үй-жайындағы құлыпты есік машина үй-жайының жабдықтарын монтаждау басталғанға дейін орнатылуға тиіс.

Шахтаның шұңқырларында жерасты және сарқынды су болмауға тиіс.

Лифт шахталарын темір-бетон бұйымдарынан тұрғызған кезде, соңғылары МЕМСТ 17538-82 сәйкес болуға тиіс.

Жаңа салынып жатқан объектілерде шахтаның, блок және машина үй-жайларының жаппалары оларға кранмен монтаждауға жататын жабдықтарды жеткізу орындалғаннан кейін жабылуға тиіс.

Лифт жабдықтарын монтаждауға беру лифт жабдықтарын монтаждаудың қабылданған технологиялық дәйектілігіне сәйкес белгіленген мерзімде құрылыс бөлігінің дайындығы қабылданғаннан кейін жүргізілуіне тиіс.

Лифт жабдығын монтаждау кезінде орындалатын дәнекерлеу жұмыстарын дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу құқығына куәлігі бар адамдар жүргізуге тиіс.

Электр өткізгіштерін тарту, жерге қосу, өткізгіштер мен кабельдерді электр аппараттары мен жабдықтарға қосу, сондай-ақ аппараттарды, және автоматика, байланыс және дабылдама схемаларын монтаждау Электр қондырғыларын орнату қағидаларының талаптары ескеріле отырып, лифт жабдығын дайындаушы кәсіпорынның техникалық құжаттамасы бойынша орындалуға тиіс.

Құрылыс-әрлеу жұмыстары лифт жабдығын монтаждау жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін орындалуға тиіс. Сылау жұмыстарын орындау жобада көзделген жағдайларда олар лифт жабдығы монтаждалғанға дейін орындалуға тиіс.

Лифтті құрылыс-әрлеу жұмыстарына беру МЕМСТ 22845 сәйкес актімен ресімделуге тиіс.

Лифттің механикалық бөлігі бойынша монтаждау-реттеу жұмыстары, сондай-ақ электр бөлігі, бақылау және дабылдама жүйелері бойынша іске қосу-жөндеу жұмыстары құрылыс-әрлеу жұмыстары аяқталғаннан кейін орындалуға тиіс.

Жөндеу жұмыстарын орындау кезінде машина үй-жайындағы және шахтадағы ауа температурасы плюс 5°С төмен болмауға тиіс.

Жабдықты монтаждауды мәжбүрлі тоқтатудың барлық жағдайларында бас мердігер (тапсырыс беруші) лифтті монтаждаудың кез келген сатысында жауапты сақтауға акт бойынша қабылдап алуға тиіс.

5.1 Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Құрылыс ұйымы лифттерді монтаждау жөніндегі жұмыстарды бастағанға дейін:

- жұмыстарды жауапты басқарушыны тағайындау;
- жұмыстарды жауапты басқарушы НТҚ сәйкес жұмысшыларды еңбек қауіпсіздігі бойынша үйрету және нұсқама беру, жұмысшыларды қол қойғыза отырып, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз ету;
- монтажшыларды және ИТҚ жобаның жұмыс сызбаларымен, құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ), жұмыстарды жүргізу жобасымен (ЖЖЖ) және осы технологиялық картамен таныстыру;
- құрылыс алаңын ЖЖЖ және ҚР ҚНЖҚ 1.03-06 талаптарына сәйкес дайындау;
- жұмыс жобасына және құрылыс нормалары мен қағидаларының және мемлекеттік стандарттардың, ЖЖЖ талаптарына сәйкес және тиісті актілер жасай отырып, лифттерді монтаждаудың алдындағы жұмыстарды аяқтау, атқару схемасын жасап, орындалған конструкциялардың жоспарлы және биікте орналасуына геодезиялық тексеру жүргізу;
- белгіленген тәртіппен такелаж жабдығын, айлабұйымдар мен аспаптарды жұмысқа дайындау және тексеру;
- шахтаның бүкіл биіктігіне биіктігі 1,8 м-ден 3 м дейін аяқ арту құралдарын, ал ҚҰЖ-да көзделген жағдайларда – құрылыстың ағаш құралдарын орнату;
- шахта есігінің қуыстарына және монтаждау қуысына (ол болған кезде) қоршау орнату;

- әрбір қабатта (яруста), машина және блок үй-жайларына уақытша жарық беру үшін қоректендіру тарту;

- санитарлық-тұрмыстық үй-жай, шеберхана үй-жайын және жабдықтарды уақытша сақтау қоймасын бөлу;

- лифт аялдамаларының таза едендері деңгейлерінің атқару схемасын дайындау және барлық қабаттарда, есік қуыстарына тікелей жақын жерлердегі баспалдақ клеткаларының қабырғаларына белгілер салу;

- лифт шахтасы құрылыс бөлімінің атқару схемасын жасай отырып, шахтаның құрылыс бөлігін тексеру;

- монтаждау кранының жұмыс аймағына (лифттерді монтаждау кезінде ірілендірген түйіндермен жүргізу кезінде) немесе ғимараттың құрылыс көтергіші (монтаждау краны болмағанда) орнатылатын кіреберісіне тікелей жақын жерге жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкес лифт жабдықтарын жинау орнын белгілеу;

- монтажшылар бригадасының МЕМСТ 12.4.011 бойынша аспаптар жиынтығымен, монтаждау айлабұйымдарымен, бақылау-өлшеу приборларымен, арнайы киіммен және жеке қорғанудың басқа да құралдарымен, сондай-ақ МЕМСТ 12.4.087 бойынша қорғаныштық каскалдармен жаратқандырылуын тексеру қажет.

Лифттің құрылыс бөлігінің, мінбелердің (ҚҰЖ-да көзделген жағдайларда – мінбесатылардың) және есік қуыстары қоршауларының лифт жабдығын монтаждау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығы актілермен (құрылыс бөлігінің лифт жабдығын монтаждау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындық актісі және шахтада орнатылған мінбелердің (ҚҰЖ-да көзделген жағдайларда – мінбесатылардың), шахтаның есік қуыстары қоршауларының лифт жабдығын монтаждау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындық актісі) ресімделуге тиіс.

Лифттерді монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бекітілген ұйымдастыру-технологиялық құжаттаманың, ҚҰЖ, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.

5.1.2 Лифттерді монтаждау жұмыстарын мынадай құрамдағы буын атқарады:

- электр көтергіштердің (лифттердің) 6 Разрядыты (М1) монтажшысы (бұдан әрі мәтін бойынша – монтажшылар) – 1 адам;

- электр көтергіштердің (лифттердің) 4 Разрядыты (М2) монтажшысы – 1 адам;

- электр көтергіштердің (лифттердің) 3 Разрядыты (М3) монтажшысы – 1 адам;

Жұмыстар кешеніне монтаждау кранының 6 Разрядыты машинисі (МК) қатысады – 1 адам.

Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын орындау кезінде 4 Разрядыты монтажшыда электрмен дәнекерлеушінің 4 Разрядытан кем емес куәлігі болуға тиіс.

Леспе жұмыстарды (строптау, жабдықтарды жұмыс орындарына алып беру) орындау кезінде электр көтергіштердің (лифттердің) 4 және 3 Разрядыты монтажшыларында 2 Разрядытан төмен емес біліктілігі бар такелажшылардың куәлігі болуға тиіс.

5.2 Жұмыстар жүргізу технологиясы

Лифттерді монтаждау жұмыстары мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- төбеге лифттің құрауыштарын (монтаждау шығыры, лифт шығыры, арқалықтар және т.б.) беру;

- негізгі өтпелі электр шығырын орнату;

- қосалқы өтпелі электр шығырларын орнату;

- шахтаны өлшеу;

- шұқыршаға буферлік құрылғыны орнату;

- жылдамдық шектегішін монтаждау және тростармен толтыру;
- шұңқыршадағы қосалқы электр шығырлары бар бағыттағыштарды монтаждау;
- кабина қаңқасын негізгі өтпелі электр шығырының тросына бекіте отырып, қарсы салмақ пен кабинаның қаңқасын монтаждау;
- кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының аралық кронштейндерін (разварка) орнату;
- кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарын орнату;
- машина үй-жайына монтаждау шығырын орнату;
- лифт шығырын, басқару станциясын монтаждау, жерге қосу және токқа қосу;
- кабиналы қарсы салмақтың шығыры арқылы тростар тарту (орамдау);
- қарсы салмақты жүктеу;
- арқандар тарту (орамдау) арқылы шұңқырдағы өтемдік құрылғыны монтаждау;
- бағыттағыштарды шыңдау (бағыттағыштарды тексеру және штихмастың вертикалы бойынша бекіту);
- шахтаның кіреберіс қуыстарын монтаждау;
- қарсы салмақты толық жүктеу;
- шахтадағы аспалы кабельдерді монтаждау;
- кабинаны құрастыру;
- қабаттық шунттарды (дәл аялдау датчиктері) орнату.

в) ақырғы жұмыстар

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Бригада жұмысшылары инженерлік-техникалық қызметкерден нұсқау алып, жұмыс жобасымен, жұмыс жүргізу жобасымен және осы технологиялық картамен танысып, қажетті аспаптар мен айлабұйымдар алады.

Лифт жабдығын монтаждау басталғанға дейін лифттің құрылыс бөлігінің дайындығын және 5.1.1-тармақта санамаланған жұмыстарды тексереді. Лифт кабинасынан шахтаның қабырғаларына немесе оның белдіктеріне (ригелдік арқалықтарына) дейінгі іс жүзіндегі мөлшерлер жобада көрсетілген мөлшерлерден кем болмауға тиіс. Төменгі қабатта кіреберіс қуыстардың, алдыңғы қабырғаның базалық сызықтары белгіленеді.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

5.2.2.1 Төбеге лифт жабдығының құрастырушы бұйымдарын беру

Ауыр лифт жабдығын жинау алаңынан шахтаның есік қуысына және машина үй-жайына (ол төменде орналасқан кезде) жеткізу, сондай-ақ ғимарат ішіндегі жаппалардан өту тиісті жүк көтергіштігі бар тұтқалы қол шығырларымен жүргізіледі. Жабдықтың орнын ауыстыру кезінде аунақтар пайдаланылады. Жабдықты жаппалар арқылы және баспалдақтармен төсем салмай сүйреуге тыйым салынады.

5.2.2.2 Негізгі өтпелі электр шығырын орнату

Негізгі өтпелі электр шығырын лифт шахтасында машина бөлімшесінің астына монтаждайды.

Ол үшін өтпелі шығырды белгілі бір ұзындықтағы троспен толтырады. Машина үй-жайының еденіне ұзындығы 1,5 – 2,5 м болат арқалық орнатады. Едендегі тесік арқылы жұмсақ стропты онымен болат арқалықты алдын ала иіп өткізеді. Жұмсақ строптың ұштарына өтпелі монтаждау шығырының жоғарғы ұшы бекітіледі, ал төменгі ұшы лифт шахтасына түсіріледі. Лифт шахтасына өтпелі монтаждау шығырын орнату тұтқалы шығырдың көмегімен жүргізіледі.

Өтпелі монтаждау шығырын бекіту үшін машина бөлімшесіне орнатылған Арқалық 8-суретте келтірілген.

Өтпелі монтаждау шығырын лифт шахтасына бекіту торабы 9-суретте келтірілген.

Шахтадағы өтпелі монтаждау шығыры 10-суретте келтірілген



8-сурет – Машина бөлімшесіндегі арқалық



9-сурет – Өтпелі монтаждау шығырын лифт шахтасына бекіту торабы
1 - өтпелі монтаждау шығырын бекіту торабы, 2 – лифт шахтасы, 3 – төсемдер, 4
өтпелі монтаждау шығырының тросы



10-сурет – Шахтадағы өтпелі монтаждау шығыры

1 – өтпелі монтаждау шығырының тросы, 2 - өтпелі монтаждау шығыры

5.2.2.3 Қосалқы өтпелі электр шығырларын орнату

Жүк көтергіштігі шағын қосалқы өтпелі шығырлар кабина мен қарсы салмақтың тарамдарын құрастыру және монтаждау үшін қажет. Лифт шахтасында бағыттағыштардың тарамдары екі-екіден, тиісінше екеуі кабинаға және екеуі қарсы салмаққа монтаждалатындықтан, қосалқы шығырлардың да төртеуін орнатады. Ол үшін машина үй-жайында едендегі тесіктерге қарсы төрт болат арқалықтар орнатылады, олардың әрқайсысына бір-бірден қосалқы шығыр тіркеледі.

Қосалқы өтпелі электр шығырларын орнату да негізгі өтпелі монтаждау шығырын орнату сияқты жүргізіледі.

5.2.2.4 Шахтаны өлшеу (қалыптар дайындау және орнату)

Шахтаның іс жүзіндегі мөлшерлерін кабинаның көлемдік мөлшерлеріне байланыстыру қалыппен орындалады. Жоспардағы қалыптың мөлшері кабинаның сыртқы мөлшерлеріне (еніне, тереңдігіне) сәйкес болуға тиіс.

Ағаш және болат қалыптар қолданылады.

Кіре беріс қуыстардың, кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының жоғарғы және төменгі қалыптары үшін дайындамалар кесіп алынады. Қалыптың ішкі жақ шетінен 5-7 мм қашықтықта сызық сызады. Болат қалып пайдаланылған жағдайда, сызық ортасынан белгіленеді.

Кіреберіс қуыс үшін қалып дайындау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кіреберіс қуыстың қалыбында орталық нүкте белгіленеді;
- орталық нүктеден $EW/2$ (мұнда EW – кіреберіс қуыстың ені) қашықтықта сол жақтан және оң жақтан ойықтар сызығы белгіленеді. Болат қалып пайдаланылған жағдайда диаметрі 0,5 мм серіппелі сым үшін диаметрі 1 мм екі тесік тесіледі;
- V түрінде екі ойық жасалады.

Бағыттағыштар мен қарсы салмаққа арналған қалып дайындау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштары үшін қалыпта орталық нүкте белгіленеді;

- орталық нүктеден $RG/2-10$ мм (мұнда RG – бағыттағыштар сорабының ені) қашықтықта сол жақтан және оң жақтан ойықтар сызығы белгіленеді. Болат қалып пайдаланылған жағдайда диаметрі $0,5$ мм серіппелі сым үшін диаметрі 1 мм екі тесік тесіледі;

- V түрінде екі ойық жасалады (жоғарғы және төменгі қалыптардағы ойықтардың жалпы саны – 4 дана);

- V түріндегі ойықтардан $H+10$ мм (мұнда H – бағыттағыштың биіктігі) қашықтықта орталық нүктенің оң жағынан және сол жағынан тік таңба сызықтары салынады. Болат қалып пайдаланылған жағдайда диаметрі $0,5$ мм серіппелі сым үшін диаметрі 1 мм екі тесік тесіледі;

- V түрінде екі ойық жасалады.

Қалыптарды орнату орындарын таңбалау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- лифт шахтасының төрт қабырғасына жоғарғыдан 1 м қашықтықта (шахтаның төбе плитасынан төмен) таңбалау сызықтары салынады;

- кіреберіс жақтағы қабырғадағы таңбалау сызығына орталық A нүктесі белгіленеді, орталық нүктеден $B/2+120$ мм қашықтық өлшеп алынады;

- қарсы салмақ жақтың қабырғасындағы таңбалау сызығына орталық D нүктесі белгіленеді, орталық нүктеден $C/2+120$ мм қашықтық өлшеп алынады;

- алдыңғы және артқы қабырғадағы белгіленген нүктелер жұптарының арасындағы ұзындық диагонали бойынша өлшенеді және тірек кронштейндерінің арасында тұтастырғы қызметін атқаратын екі дайындаманың ұштары кесіледі. Ағаш қалыптар пайдаланылған кезде тұтастырғылардың ұзындығы өлшенген қашықтыққа тең плюс 10 мм болуға тиіс; болат қалыптар пайдаланылған кезде тұтастырғылардың ұзындығы өлшенген қашықтыққа тең минус 10 мм болуға тиіс;

- жоғарғы қалыптың тірек элементтері орнатылады. Тірек кронштейндері анкерлік болттармен бекітіледі (4 нүктеде – алдынан және артынан);

- тірек кронштейндеріне тұтастырғылар салынады және олар ағаш қалыптарға арналған балғаның көмегімен және болат қалыптар үшін электр дәнекерлеудің көмегімен шеттері бойынша шегенделіп бекітіледі;

- төменгі қалыптың тірек элементтері орнатылады. Лифт шахтасының төрт қабырғасына 1 м қашықтықта шұқырша еденінің үстіне таңбалау сызықтары салынады. Тірек кронштейндері анкерлік болттармен бекітіледі (4 нүктеде – алдынан және артынан), тұтастырғылар тірек кронштейндеріне салынады және олар балғаның көмегімен шеттері бойынша шегенделіп бекітіледі.

Қалыпты орнату орындарын таңбалау схемасы 8-суретте келтірілген.

Шахтаны өлшеу мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын уақытша бекітеді;

- кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын уақытша бекітеді;

- шахтаның мөлшерін түпкілікті тексереді.

Кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын уақытша бекіту мынадай түрде орындалады:

- жұмыс сызбаларына сәйкес алдыңғы және артқы, сол жақ және оң жақ қабырғалардан қашықтық өлшенеді;

- кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбы екі нүктеде қысқыштармен уақытша бекітіледі;

- төмендегі шұқыршаға серіппелі сымның екі кесіндісін тартады, осы кесінділердің әрқайсысының ұшына тіктеуіш бекітіледі;

- серіппелі сымның оң жақ және сол жақ кесінділері жоғарғы қалыптың V тәріздер сораптарына бекітіледі және олар екі нүктеде қысқыштармен бекітіледі.

Кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын уақытша бекіту мынадай түрде орындалады:

- төмен түсетін тіктеуіштер автоматты түрде түсетін нүктелердің берілген мөлшерлерге 0 ± 1 мм дәлдікпен сәйкес келетіндігі тексеріледі;

- кіреберіс қуыс төменгі кронштейнінің V тәріздер сораптарындағы серіппелі сымның оң жақ және сол жақ кесінділерінің орналасуы реттеледі және олар екі нүктеде қысқышпен бекітіледі.

Шахта мөлшерлерін егжей-тегжейлі тексеруге мыналар кіреді:

- кабина табалдырығының шеті мен қабырғаның ішкі бетінің арасындағы қашықтық;

- шахтаның ені;

- шахтаның тереңдігі;

- есік қорабы бекіткішін орнатудың негізгі мөлшері.

Шахта мөлшерлерін тексеру еденнің базалық сызығы негізге алына отырып орындалады.

Кіреберіс қуыстардың қалыптарын орнату.

Кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын орнату мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кіреберіс қуыстың төменгі қалыбына бекітілген серіппелі сымның кесінділері босатылады;


- өлшенген мөлшерлер жұмыс сызбаларымен салыстырылғаннан кейін кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбы уақытша бекітіледі, оның орналасуы базалық сызық және мөлшерлерді өлшеу нәтижелері негізге алына отырып, алға және артқа, оңға және солға бағытында реттеледі;

- кіреберіс қуыс жоғарғы қалыбының сол жақ және оң жақ V тәріздер сораптарындағы серіппелі сымның кесінділері реттеледі және ол кесінділер екі нүктеге қысқыштармен бекітіледі.

Кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын орнату мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- тіктеуіштер автоматты түрде төмен түсетін позицияларға кіреберіс қуыстың төменгі қалыбының V тәріздер сораптары 0 ± 1 мм дәлдікпен орналасады және олар төменгі қалыпқа уақытша бекітіледі;

- ғимараттың базалық сызығы мен серіппелі сымның оң жақ және сол жақ кесінділерінің арасындағы қашықтықтың берілген мөлшерлерге дәл сәйкес келетіні тексеріледі.



- 1 – лифт шахтасы;
- 2 – деңгей;
- 3 – таңба сызығы;
- 4 – жоғарғы қалыптың тірек элементтері;
- 5 – төменгі қалыптың тірек элементтері.

11-сурет – Қалып орнатылатын орындарды таңбалау схемасы

Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштары үшін қалыптар орнату

Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштары үшін қалыптар орнату мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кіреберіс қуыстың қалыптары арқылы өтетін серіппелі сымның кесінділерінен есептелетін жұмыс сызбаларына арналған мөлшерлер негізге алынып, қалыптарды орнату жағдайы анықталады;


- бағыттағыштың ортасы белгіленеді және жоғарғы және төменгі қалыптардағы сызықтар тіркеледі;

- шахтадағы шығыңқы объектілер серіппелі сымның кесінділермен түйіспейтіндігіне көз жеткізіледі.

5.2.2.5 Шұңқырға буфер құрылғысын орнату.

Кабина мен қарсы салмақ буферлерін монтаждау мынадай дәйектілікпен орындалады:


- тірек аркалықтарына тұғыр монтаждалады;
- қарсы салмақ пен кабина буферлерінің металл конструкцияларын (раманы) жинау орындалады;
- рамаға кабина мен қарсы салмақ үшін буферлер орнатылады;
- сервистік алаң монтаждалады;
- қызмет көрсету үшін баспалдақ орнатылады.



12-сурет – Кабина мен қарсы салмақ буферлерін орнату схемасы



13-сурет – Кабина мен қарсы салмақтың шахта шұңқырында монтаждalған гидравликалық буферлері



14-сурет – Лифт шахтасындағы қарсы салмақтың буфер құрылғысы
1 - қарсы салмақтың буфер құрылғысы



15-сурет – Кабинаның лифт шұңқырындағы буфер құрылғысының металл қаңқасы
1 – кабина буфер құрылғысының металл каркасы

5.2.2.6 Трос байламымен жылдамдық шектегішті монтаждау

Лифттің жылдамдық шектегіші төмен қозғалудың номиналдық жылдамдығынан асқан кезде кабинаның (қарсы салмақтың) қармағыштары тетігін іске қосуға арналған. Жылдамдық шектегіш және қармағыш көтеру арқандары үзілген, ал кейде босаған жағдайда кабинаның (қарсы салмақтың) құлауын болдырмайтын, сондай-ақ жылдамдық шамадан тыс артқанда кабинаны тоқтататын өзара байланысты құрылғыларды білдіреді. Жылдамдық шектегіштер әдетте машина үй-жайына және сирек жағдайда – кабинаның төбесіне орнатылады. Машина үй-жайына орнатылған жылдамдық шектегіш кабинаға орнатылған қармағыштарды іске қосу тетігімен және лифт шахтасының шұңқырына орнатылған тарту құрылғысымен байланысты арқанды іске қосады. Жылдамдық шектегішті монтаждау және жөндеу мынадай дәйектілікпен орындалады:

- жылдамдық шектегішті орнату орнын және жұмыс сызбасымен орнату тесіктерінің мөлшерлерін нақтылайды;

- жылдамдық шектегіш арқанының оған арналған тесіктен еркін өтетінін тексереді;

- жылдамдық шектегіш үшін анкерлік болттар орнатылатын нүктелерді белгілейді және болттарды орнатады;

- жылдамдық өлшегішті анкерлік болттармен орнатады және оны теңестіреді;

- жылдамдық шектегіштің орналасуын реттейді, оның екі жазықтықта 0 ± 1 мм шегіндегі тік қалпын қамтамасыз етеді;

- стопорлық жүк іске қосылғаннан кейін бекіту башмағының арасындағы саңылау 5 мм құрайтынына көз жеткізеді. Егер бекіту башмағының арасындағы саңылау 5 мм асып кетсе, бекіту башмағы бекітілетін М8 болтты босатады, саңылауды аралық қабаттармен реттейді.

Шұңқырға қарсы салмағы бар тартқыш құрылғыны орнатады.

Жылдамдық шектегіштің арқандарын тарту мынадай түрде орындалады:

- жылдамдық шектегіштің арқанын жылдамдық шектегіш жүгі жағындағы тесік арқылы шұңқырдың еденіне дейін төмен түсіреді;

- арқанның бір ұшын жүкке қарама-қарсы жақта орналасқан тесік арқылы түсіреді және оны жылдамдық өлшегіштің шкивіндегі сорапқа енгізеді;

- ажырамалы шплинт пен қосу штифін кабинаның көлденең білігінің қосу тұтқасынан шығарып, қапсырманы бұзады;

- арқанды қосу тұтқасына салу үшін оны жылдамдық өлшегіштің тарту блогын айналдыра орап, оны бағыттағыш жағына қарай тартады;

- арқанды шахта шұңқырындағы тартқыш құрылғы арқылы өткізеді;


- бұзылған қапсырма кезінде арқанды бітеу жұмысын орындайды.

Жылдамдық шектегіштің жалпы түрі 16 және 17-суреттерде келтірілген.


Шахта шұңқырындағы қарсы салмағы бар жылдамдық шектегіштің тартқыш құрылғысы 18-суретте келтірілген.



16-сурет – Жылдамдық шектегіштің жалпы түрі



17-сурет – Жылдамдық шектегіштің жалпы түрі



18-сурет – Шахта шұңқырындағы қарсы салмағы бар жылдамдық шектегіштің тартқыш құрылғысы

5.2.2.7 Қосалқы өтпелі электр шығырларымен шұңқырға кронштейндер мен бағыттағыштар орнату

Бағыттағыштардың кронштейндерін орнатуға арналған позицияларды таңбалау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кронштейндер мен бағыттағыш секциялардың саны тексеріледі;
- шұңқыршаның тереңдігі маркаланады және бағыттағыштарды орнатуға арналған позициялар анықталады (шұңқыр еденінің үстінде (бірінші кронштейн орнатылатын орын) 2 м қашықтықта көлденең сызық таңбаланады);
- кронштейндер орнатылатын орындар көлденең сызықтармен таңбаланады. Бірінші кронштейн орналасатын орыннан бастап лифттің ілеспе құжаттамасында көрсетілген қадаммен (негізінен бір қадам – 1,5 м) үш қабырғаның беттеріне көлденең сызықтар жүргізіледі;
- кронштейндерді жоғарғы қабатқа орнату үшін жұмыс сызбаларына сәйкес сызық жүргізіледі;
- кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының осьтік сызықтары таңбаланады;

Шұңқырға бағыттағыштарды беру қосалқы өтпелі шығырдың көмегімен жүргізіледі. Бағыттағыштарды қосу планкалары арқылы жиынтықта бар болттармен, гайкалармен және шайбалармен өзара қосады. Шұңқырдың тереңдігі 8,6 м құрайды. Қабаттың биіктігі – 3,5 м құрайды.

Кронштейндерді шұңқырға монтаждау екінші қабат деңгейіндегі мінбемен орындалады.

Кабина мен қарсы салмақтың орнатылған кронштейндеріне болттағы клипстердің көмегімен бағыттағыштар монтаждалады. 5 дана санындағы бағыттағыштар өзара қаптамалармен түйістіріледі және бір тарамға айналдырылады. Бағыттағыштардың тарамдарын арттыру кезінде оны қосалқы өтпелі монтаждау шығыры қолдайды және

артуына қарай жоғары тартады. Осылайша, бағыттағыштардың төрт тарамы 2-қабат деңгейіне тартылады және кронштейндерге бекітіледі.

Шұңқырдың монтаждalған кронштейндері мен бағыттағыштары 19-суретте келтірілген.




19-сурет – Шахта шұңқырының кронштейндері мен бағыттағыштары



20-сурет – Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарын шұңқырға түсіру

1 – қарсы салмақ бағыттағыштары; 2 – кабина бағыттағыштары.

Бағыттағыштарды қосу схемасы 21-суретте келтірілген. Бағыттағыштардың, болттар мен гайкалардың түр-мөлшерлері 5-кестеде келтірілген.



21-сурет – Бағыттағыштарды қосу схемасы

5-кесте – Бағыттағыштардың әр түрлеріне арналған бөлшектер

Бағыттағыштардың түрі А	Болт В	Табақша тәріздес серіппе С	Ілме гайка D
T50x50x5	M8x25	Ø8	M8
T70x65x9	M12x35	Ø12	M12
T82x68x9	M12x35	Ø12	M12
T80x80x9	M12x35	Ø12	M12
T89x62x16	M12x40	Ø12	M12
T90x75x16	M12x40	Ø12	M12
T125x82x16	M16x50	Ø16	M16

5.2.2.8 Қарсы салмақ пен кабина қаңқасын монтаждау

Қарсы салмақ қаңқасын монтаждау

Қарсы салмақтың қаңқасын монтаждауды орналастыруды таңдаудан бастайды:

- қабырғаға қарсы салмақ жағынан шұңқырдың таза еденінен буфер биіктігіне плюс бос жүріс ұзындығына тең базалық сызық белгіленеді;
- қаңқаның алдыңғы және артқы жағы тексеріледі және оны қарсы салмақтың бағыттағыштарына жылжытады;
- қарсы салмақ қаңқасының орналасуын реттеп, қаңқаны қарсы салмақ бағыттағыштарының кронштейндеріне уақытша бекітеді;
- қарсы салмақ қаңқасының оң және сол жақтарына орналасқан кронштейндерді қарсы салмақтың бағыттағыштарымен біріктіреді;

- қарсы салмақтың жоғарғы және төменгі бағыттағыштарын М16 болттарымен бекітеді (4 нүктеге 4 дана).



22-сурет – Қарсы салмақты бағыттағышқа монтаждау

1 – қарсы салмақ шкиві, 2 – қарсы салмақ бағыттағыштары, 3 – жүксіз қарсы салмақ



23-сурет – Қарсы салмақтың жүктері

Құрастырғаннан кейін кабина қаңқасы тростармен шахтадағы негізгі өтпелі электр шығырына бекітіледі.

Кабинаның қаңқасын құрастыру

Кабина мен қарсы салмақтың қаңқасын монтаждау шығырының көмегімен орындайды. Егер ұстағыштар кабина еденінің астына орнатылса, жинауды мынадай дәйектілікпен орындалады:

- кабинаның едені – кабина қаңқасының тікқұбыры.

Егер ұстағыштар кабина қаңқасының тіккұбырына орнатылса, жинау мынадай дәйектілікпен орындалады:

- кабина қаңқасының тіккұбыры – кабинаның едені.

Кабина қаңқасын жинау мынадай дәйектілікпен орындалады:

- қысқыштардың көмегімен (екі жағынан 8 дана) сол жақ және оң жақ бағыттағыштардың тірек бұрыштарын белгілейді. Тірек бұрыштар отырғызу алаңының табалдырығынан 600 мм қашықтыққа орналастыруға тиіс. Егер кабина массасы ауыр болған жағдайда, тірек бұрыштарын тірек арқалықтарымен бірге пайдаланады;

- отырғызу алаңының кіреберіске қарама-қарсы қабырғасына арқалықтардың негізгі кронштейндермен болттармен бекітеді және оларға тірек арқалықтарын артады;

- монтаждау нұсқаулығына сәйкес ұстағыштың орналасуына қарай кабина едені мен қаңқа тіккұбырын құрастырады;

- көлденең дінгекті орнатады;

- есік жетегінің, тұтастырғының, тұғырнама тіреуішінің және тіреуіш ұстағыштың тірек планкасын орнатады;

- тартқышты құрастырады;

- түпкі ажыратқыштың бұрмасын және кабина төбесіндегі қоршауды монтаждайды;

- бағыттағыш роликтерді монтаждайды;

- кабинаны орталықтандырады.




24-сурет – Кабина қаңқасының төменгі арқалығы мен тіреулерін монтаждау


Кабина қаңқасын жинағаннан кейін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін төбені жабады. Жарық орнатады, шахтаға уақытша жарық беруге арналған кабелдер тартады. Одан әрі қаңқаның төменгі арқалығы арқылы жұмсақ жалпақ арқан жібереді, оның екі ұшы қаңқаның төбесіне шығарылады және өтпелі монтаждау шығырымен ілмекке бекітіледі.

Кейіннен кабина қаңқасының байламы және өтпелі шығыр кабина мен қарсы салмақтың кронштейндері мен бағыттағыштарын монтаждау үшін қажет.


Лифт шығырын, тартқыш арқандар орамын жинағаннан және монтаждағаннан және тартқыш арқандардың өтемдік құрылғыларын монтаждағаннан кейін монтаждау шығыры бөлшектенеді.



25-сурет – Қаңқаның жоғарғы арқалығы мен кабина шкивін монтаждау



26-сурет – Кабина қаңқасы еденінің рамасын монтаждау



27-сурет – Кабина қаңқасының еденін монтаждау



28-сурет – Монталдалған бұру блогы бар жоғарғы арқалық және қарсы салмақ



29-сурет – Кабина қаңқасы

1 және 2 – шығырмен қосуға арналған жалпақ арқан, 3 – кабина қаңқасының төменгі арқалығы



30-сурет – Негізгі өтпелі монтаждау шығыры

5.2.2.9 Лифт шахтасында кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының кронштейндерін орнату

Кабина қаңқасын монтаждағаннан және оны қауіпсіздік қаңқасымен жабдықтағаннан кейін қаңқа негізгі өтпелі монтаждау шығырының тросымен қосылады. Өтпелі монтаждау шығырының вертикалымен қозғалу басқару пультімен реттеледі. Жоғарыға қозғалуына қарай монтажшылар кабина мен қарсы салмақтың кронштейндері мен бағыттағыштарын монтаждай отырып, кабина қаңқасының қозғалысына жол ашады.


Бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнатуды екі тәсілмен:



- а) арнайы кондуктор бойынша;
- б) тіктеуіштің көмегімен орындайды.

Кронштейндерді шахтаның қабырғаларына бекіту оларды салмалы бөлшектерге дәнекерлеу арқылы немесе дюбельдермен орындалады.

Құрастыру кезінде болттарды кейіннен бағыттағыштарды реттеу үшін сопақ тесіктердің ортасына орнатады.

Кронштейндердің түрлері және кронштейндердің өзара және бағыттағыштармен қосылуы 31-суретте келтірілген.






31-сурет - Кронштейндердің түрлері және кронштейндердің өзара және бағыттағыштармен қосылуы

1 - бұрыштық кронштейндер, 2 – үш бұрышты кронштейндер,
 А-бағыттағыштар, В, С- кронштейндер, D –болттар, Е – шайба, F – табақша тәріздес серіппе,
 G – гайка, H – клемма, I – шайба, J – табақша тәріздес серіппе, K –гайка, L –болт, M –шайба,
 N – табақша тәріздес серіппе, O – гайка.

Кронштейндерді шахта қабырғаларына оларды салмалыларға немесе дюбельдерге дәнекерлеу жолымен бекітеді.


Дюбельдерге бекіту мынадай дәйектілікпен орындалады:

- тірек бұрыштарындағы тесіктер арқылы дюбель орнату орындарын белгілейді;
- тесіктер теседі;
- ажыратқыш гайкамен тесіктің ішіне дюбель салынады және балғаның жеңіл соққысымен дюбельді оның корпусының сыртқы қалпағы тесік шеттерімен бір жазықтықта болатындай түрде тесік тереңдігіне енгізеді;
- шайбалы болт бекітілетін бөлшектің тесігі арқылы өткізіледі және ажыратқыш гайка соңына дейін кілтпен қатайтып бұралады.



32-сурет – Анкер-дюбель

1- анкер-дюбель, 2 - шайба, 3- табақша тәріздес серіппе, 4 – гайка



33-сурет – Кронштейнді қабырғаға дюбельмен бекіту

Бағыттағыштардың кронштейндерін арнайы кондуктор бойынша орнату


Кондукторды қалыптан шығару үшін кабинаның осімен екі тіктеуіш түсіріледі және олар шұңқыршаға бекітіледі. Кондуктор шахтаға орнатылады және оған кронштейндер бекітіледі.

Бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнатуға арналған кондуктор 34-суретте келтірілген.

Кондуктордың көмегімен бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнату схемасы 35-суретте келтірілген.



34-сурет – Бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнатуға арналған кондуктор



- а – қарсы салмақ артта орналасқанда;
- б – қарсы салмақ бүйірде орналасқанда
- 1 – лифт шахтасы;
- 2 – салмалы бөлшек;
- 3 – қарсы салмақ бағыттағыштарын бекіту кронштейні;
- 4 - кондуктор;
- 5 – кабина бағыттағыштарын бекіту кронштейні;
- 6 - тіктеуіштер;
- 7 – кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарын бекіту кронштейні;
- 8 – кондуктор

35-сурет – Кондуктордың көмегімен бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнату схемасы

Кондукторды қалыптан түсірілген тіктеуіштер және деңгей бойынша салыстырып түзетеді. Бұл ретте кондукторда көзделген керткітер тіктеуіштермен біріктіріледі. Кронштейндерді салмалыларға дәнекерлеу жолымен шахта қабырғаларына бекітеді.

Дюбельдермен бекіту мынадай дәйектілікпен орындалады:

- тірек бұрыштарындағы тесіктер арқылы дюбель қағу орындары белгіленеді;
- тесіктер тесіледі;
- ажыратқыш гайкамен тесіктің ішіне дюбель салынады және балғаның жеңіл соққысымен дюбельді оның корпусының сыртқы қалпағы тесік шеттерімен бір жазықтықта болатындай түрде тесік тереңдігіне енгізеді;

- шайбалы болт бекітілетін бөлшектің тесігі арқылы өткізіледі және ажыратқыш гайка соңына дейін кілтпен қатайтып бұралады.


Бағыттағыштардың кронштейндерін тіктеуіштер бойынша орнату

Қалыптан кабина мен қарсы салмақтың осьтерімен кронштейндерден бірдей қашықтықта екі тіктеуіш түсіріледі.

Бағыттағыштардың кронштейндерін тіктеуіштер көмегімен орнату схемасы 36-суретте келтірілген.

Кронштейндерді түзеуге арналған тіктеуіштер жоғарғы кронштейннен түсіріледі, ол үшін оның қалыпқа қатысты орналасуын сызғышпен тексереді және шахта қабырғасына бекітеді. Бағыттағыштарды бекіту тесіктерінің осімен немесе қиыстырылған кронштейннің (қарсы салмақ бағыттағыштарын бекітуге арналған) осімен екі тіктеуішті түсіреді, шұңқыршада тіктеуіштерге жүк іледі. Шұңқыршада түсірілген тіктеуіштер бойынша төменгі кронштейнді орнатады және оған жоғарғы кронштейннен түсірілген тіктеуішті тербеліс болмайтындай және олар тік жағдайда болатындай етіп тіктеуіштерді бекітеді. Орнатар алдында барлық кронштейндерге кронштейн осі бойынша және тіктеуіш өтетін жерлерге кертіктер салады. Кронштейндер кертіктер тіктеуіштермен үйлесетіндей етіліп екі тіктеуіштен бірдей қашықтыққа орнатылады, кронштейндер деңгеймен түзетіледі және қабырғаларға бекітіледі. Кронштейндер жобаға сәйкес белгіленген таңбаларға орнатылады.

Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының кронштейндері 37 41-суреттерде келтірілген.



1 - төменгі кронштейн; 2 - тіктеуіштер; 3 - жоғарғы кронштейн; 4 - болт-бекіткіш; 5 - гайка; 6 - жүк

36-сурет – Бағыттағыштар кронштейнін тіктеуіштер көмегімен орнату




37-сурет – Бағыттағыштар және кронштейндер бар лифт шахтасы



38-сурет – Қарсы салмақтың кронштейні



39-сурет – Кабинаның бөлу арқалығындағы кронштейн



40-сурет – Лифт шахтасындағы кабина мен қарсы салмақ кронштейндері



41-сурет – Кабинаның бөлу арқалығындағы кронштейні және бағыттағышы

Қарсы салмақ пен кабинаның бағыттағыштарын қосалқы монтаждау шығырымен орнату

Монтаж жұмыстары басталғанға дейін барлық бағыттағыштар монтаждау тәсіліне қарамастан бірінші аялдаманың шахтасы есігінің қуысына жеткізіледі.


Бағыттағыштарды күшейту тәсілімен монтаждау кезінде бағыттағыштың төменгі кесіндісін орнына орнатады және кронштейндерге бекітеді. Шығыр арқанына кабина бағыттағыштарын монтаждауға арналған қармағышты немесе қарсы салмақ бағыттағыштарын монтаждауға арналған қармағышты іледі. Қармағышқа бағыттағыштың келесі кесіндісін бекітеді, оны біріншінің алдына көтереді, оларды түйіс планкасымен біріктіреді және кронштейндерге бекітеді. Осындай әдіспен бағыттағыштардың әрбір төрт тармағына бір бағыттағыштан асырып отырады (кабина – екі бағыттағыш, қарсы салмақ – екі бағыттағыш). Бұл ретте бағыттағыштың әрбір тарамын арттыруға төрт қосалқы монтаждау шығырынан өз шығыры жұмыс істейді.

Негізгі өтпелі шығыр кабина мен қарсы салмақтың кронштейндері мен бағыттағыштарын монтаждау кезінде лифт кабинасының қаңқасын кабина мен қарсы салмақтың артатын бағыттағыштары бойынша жоғары көтеріп лифт шығырының рөлін атқарады.

Бағыттағыштың бір ұзындығын 5 м арттырып, кабинаның қаңқасы өтпелі монтаждау шығырымен кронштейндер мен бағыттағыштардың келесі кесіндісін монтаждау үшін 5 м көтеріледі.

Осындай әдіспен бағыттағыштардың барлық төрт тарамын жинағанға дейін келесі кесінділерді көтереді және бекітеді.

Лифт шахтасындағы кабина мен қарсы салмақтың бағыттағыштары 41-43-суреттерде келтірілген.



41-сурет – Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының түйісуі



42-сурет – Кабина мен қарсы салмақтың кронштейндерге бекітілген бағыттағыштары



43-сурет – Кабина мен қарсы салмақтың лифт шахтасындағы бағыттағыштары

5.2.2.10 Монтаждау шығырын орнату

Монтаждау шығырын машина үй-жайының төбесі жабылғанға дейін мұнаралы кранмен машина үй-жайына жеткізеді.

Төбеге тесіктер тесіп, дюбельдердің көмегімен төбеге шахтаның ортасы бойынша монтаждау ілгегін бекітеді.

Шахта ортасындағы монтаждау ілгегі монтаждау шығырымен лифт жабдығын көтеру үшін қажет.


Монтаждау шығырын машина үй-жайы болмағанда шахтаға қарсы баспалдақ алаңында анкерлік болтпен бекітеді, немесе лифт шығыры машина үй-жайында монтаждalған жағдайда машина үй-жайының еденіне бекітіледі.

Лифт жабдығын шахта арқылы машина үй-жайына жеткізу кезінде 44-суретте көрсетілгендей, монтаждау шығырларын және арқан орамдарын орналастыру схемаларының нұсқалары пайдаланылады.

Ауыр лифт жабдығын тікелей шахтаға жеткізу, сондай-ақ лифт шахтасынан көтергеннен кейін оны тоқтау алаңына немесе машина үй-жайының еденіне тасымалдау жабдықтың массасына есептелген төсемдерді қолдану арқылы жүргізіледі. Жабдықтарды тартуға тыйым салынады.

Бұру блоктарын орау кезінде (басқа жағдайларда да) арқанның бос ұштарын бекіту үшін арнайы қысқыштарды қолдану қажет.

Жоба бойынша машина бөлімшесінің төбесінде кранға арналған арқалық болған жағдайда, монтаждау шығырын басқа конструкциядан алады және кранға арналған арқалық монтаждалады.



44-сурет – Монтажда шығырын орнату және жүк арқанын орау схемасы
1 – жүк ілмегі; 2 – жүк арқаны; 3 – жоғарғы бұру блогы; 4 - ілгек; 5 – монтажда шығыры;
6 – қосымша арқалық; 7 – төменгі бұру блогы
Монтажда шығырлары 45 және 46-суреттерде келтірілген.



45-сурет – Лифт шығырын монтаждауға арналған монтажда шығыры



46-сурет – Лифт шығырын монтаждауға арналған монтаждау шығыры

5.2.2.11 Лифт шығырын, басқару станциясын монтаждау

Дайындық жұмыстары

Дайындық жұмыстары:


- машина үй-жайының жай-күйін жұмыс сызбаларымен;
- ғимаратты электрмен жабдықтау жүйесінің және электр бөлу қалқанының жай-күйін;
- машина үй-жайындағы барлық тесіктердің (шығыр арқалығының, кабина мен қарсы салмақ арқанының, жылдамдықты шектеу арқанының, кабель өткізгішінің және т.б. тесіктері) жай-күйін;
- машина үй-жайының кіреберіс есігіндегі құлыптың жай-күйін;
- көтеру ілгегінің қауіпсіздігін және машина үй-жайына көтерілуге тиіс жабдықтардың барлық заттарының массасын;
- машина үй-жайында болуға тиіс барлық жабдықты тексеруден тұрады.

Шығырды монтаждау

Лифт шығырын монтаждаудың алдында монтаждау (орнату) сызбасын басшылыққа алып, шығырдың кергішін лифт шахтасының төбесіне орнатылатын жерді белгілеу қажет.

Лифт шахтасында оның жаппасынан 700-800 мм қашықтықта кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының арасына диаметрі 1-1,2 мм болат сымнан жасалған осьтік ішектерді бекітеді. Ішектерге бояумен немесе оқшаулағыш таспамен кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштары осьтерінің орталықтарын таңбалайды.

Кабина осі қарсы салмақ осімен қиылысатын шығырларды түзеуге арналған осьтік ішектерді орнату 47-суретте келтірілген.



47-сурет – Шығырларды түзеуге арналған осьтік ішектерді орнату

1 – қарсы салмақ бағыттағышы, 2 – кабина бағыттағышы, 3 - струбцина; 4 – ішек.

Шығырды монтаждау жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- Бұру блогы және тірек жастықшалары бар тұғырды монтаждау;
- Орталыққа дәлдеу;
- Шығырды орнату;
- Шығыр шкивтері мен кабина қаңқасын орталыққа дәлдеу;
- Шығырды бекіту;
- Бүкіл металл раманы анкермен және дәнекерлеп бекіту;
- Трос ұстағыштарының арқалықтарын тұғырға монтаждау.

Лифт шығырын монтаждағаннан, орталықтағаннан және бекіткеннен кейін машина бөлімшесінің басқа жабдығын мынадай дәйектілікпен монтаждайды:

- Инверторды монтаждау (күштік басқару станциясы);
- Кабина үшін басқару станциясын монтаждау;
- Кіру құрылғысын монтаждау (автомат);
- Жерге қосу;
- Электрлік бөлігін қосу.

Жұмыстар лифт шығырын монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес орындалады.

Лифт шығырының жалпы түрі 48-суретте келтірілген.

Машина бөлімшесінің жабдықтарын монтаждау 49 – 52-суреттерде келтірілген.



48-сурет – Лифт шығырының жалпы түрі



49-сурет – Бұру блогы бар лифт шығырының тірек рамасы



50-сурет – Лифт шығырының рамасындағы бұру блогы



51-сурет – Монтаждalғаннан кейінгі лифт шығыры



а)



б)

52-сурет – Лифт жабдығын жерге қосу

а – шахтадағы жерге қосу жолағы, б – машина үй-жайындағы жерге қосу


Басқару пультінің монтаждау және жөндеу

Басқару пультінің монтаждау және жөндеу жұмыстары мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- басқару пультінің негізін монтаждайды. Ғимарат қабырғасынан кемінде 300 мм қашықтыққа басқару пультінің негізін орнату үшін позиция белгілейді. Аралықтардың көмегімен негізді теңестіреді және оны анкерлік болттармен бекітеді;

- басқару пультін монтаждайды. Басқару пультін негізге орнатады және оны болттармен уақытша бекітеді. Екі жазықтықтағы вертикалдан 3 мм аспайтын ауытқумен пульттің тік орналасуын қамтамасыз етеді.

Басқару станциясы 53-суретте келтірілген.



53-сурет – Лифттің басқару станциясы

5.2.2.12 Кабиналы қарсы салмақтың шығыры арқылы тростар тарту

Лифт арқандарын байлау схемасын лифттердің кинематикалық схемасы деп атайды.

Лифттердің әртүрлі кинематикалық схемалары бар. Олар бір-бірінен машина ұйжайының орналасуымен, арқан жүретін органның конструкциясымен, қолданылатын шығырлардың, гидроцилиндрлердің түрлерімен, қарсы салмақтың болу-болмауымен, кабинаны асу тәсілдерімен және лифттің арналуымен ерекшеленеді.

Шығыры жоғарыда орналасқан арқан жүйелерінің схемалары 54-суретте келтірілген.

Кабина арқандарын тарту былайша орындалады:

- кабина арқанының ұяшығына енгізілген ұштықты арқан жүретін шкивтің бірінші сорабындағы арқаннан бастап соңғы арқанға дейін кабинаның көлденең білігіне түсіреді;

- ажырамалы шплинтті шығарып, қосарлы гайканы босатып және тірек шайбасы мен ұштық серіппесін алып, ұштықтарды көлденең біліктің монтаждау пластинасындағы тиісті тесіктер арқылы өткізеді, содан соң ұштықтарды бекіту элементтерін кері тәртіппен орнатады;


- бұру блогының бірінші сорабынан бастап арқандарды қарсы салмаққа түсіреді;

- арқандардың бұратылмауын болдырмау үшін, арқандарды шахта ортасындағы қарсы салмақтың бағыттағышына байлайды;

- қосарлы гайкалардың көмегімен кабина арқандарының бірдей ұзындығы реттелгеннен және жоғарғы тірек шайбаларының көлденең біліктің монтаждау пластинасына дұрыс қойылғаны тексерілгеннен кейін арқан байламдары таратылады.

Арқандарды монтаждау (байлау) 55 – 58-суреттерде келтірілген.

Кинематикалық схема




54-сурет – Арқандарды полиспасттық тартудың кинематикалық схемасы



55-сурет – Арқандарды монтаждау (байлау)

1 – тростарды (арқандарды) ұстағыштар, 2 – трос ұстағыштардың арқалығы, 3 – бұру блогы, 4 – тростар (арқандар)



56-сурет – Арқандарды монтаждау (байлау)




a)



в)

57-сурет – Арқандарды монтаждау (байлау)

а – кабина қаңқасындағы байланған шкив, б – арқандар байламының жалпы түрі




58-сурет – Арқандарды монтаждау (байлау)

5.2.2.13 Арқандарын ораумен өтемдік құрылғыны монтаждау


Шахта шұңқырында өтемдік тізбектерді монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- өтемдік құрылғыны шұңқыр металл конструкциясының тұғырына болттармен бекітеді;
- кабинаны сервистік алаң деңгейінде тоқтатады;
- өтемдік құрылғының бұру блогын қажетті диаметрдегі және мөлшердегі тростармен толтырады;
- тростардың бір ұшын кабинаның түбіне сервистік алаң деңгейінде бекітеді;
- арқандардың бұратылуын болдырмай және қарсы салмақты буфер құрылғысының деңгейіне түсіре отырып, кабинаны жоғарғы қабат деңгейіне жайлап көтереді;
- кабинаны жоғарғы қызмет көрсету қабаты деңгейінде тоқтатады;
- тростардың екінші ұшын буфер құрылғысының деңгейінде қарсы салмақтың түбіне бекітеді;
- арқандарды тиісті ұзындықта кеседі;
- өтемдік арқандардың тарту тетігінің блогын монтаждайды;
- өтемдік арқандардың ұштарын бітейді;
- өтемдік арқандар блогының ажыратқыштарын монтаждайды.



58-сурет – Өтемдік құрылғы

1 – өтемдік құрылғы, 2 – тұғыр, 3 – кабина буферлық құрылғысының тіреуі



59-сурет – Шахта шұңқырындағы өтемдік құрылғы




60-сурет – Арқандары салынған өтемдік құрылғы

5.2.2.14 Кабина мен қарсы салмақтың бағыттағыштарын реттеу (шындау)

Лифт бағыттағыштарын реттеу кезінде бағыттағыштарды ұзына бойы және көлденең бағыттардағы түзулігін, сондай-ақ олардың тіктігін реттей отырып, қарап шығады және штихмас бойынша түзетеді.

Түзуліктен ауытқу 2 мм аспайтын шамаға, тіктіктен – 1 м ұзындыққа 1 мм, бірақ бағыттағыштың ұзындығы 50 м дейін болғанда 10 мм аспайтын шамаға ауытқуға жол беріледі. Штихмас бойынша кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштары беттерінің арасындағы қашықтық лифтің болат бағыттағыштарының бүкіл ұзындығы бойынша 2 мм дейінгі дәлдікпен ұсталуға және түйісетін жерлерінде шығыңқылардың жоқтығына көз жеткізілуге тиіс. Түйіскен жерде лифт бағыттағыштары бастиектерінің 0,2 мм аспайтын жылжуына шығыңқыларды міндетті тазартумен жол беріледі, сондай-ақ бағыттағыш кронштейндер мен салмалы бөлшектер тексеріледі, олардың бекітілуі қатайтылады.



61-сурет – Бағыттағыштарды реттеу және бекіту



62-сурет – Бекітілген бағыттағыш (1 – реттеуге арналған пластина)



63-сурет – Қарсы салмақтың кронштейні



63-сурет – Кабинаның кронштейні

5.2.2.15 Шахтаның кіреберіс қуыстарын монтаждау

Отырғызу алаңдарының табалдырықтарын монтаждау

Отырғызу алаңдарының табалдырықтарын монтаждау мына түрде орындалады:

- отырғызу алаңдарының табалдырықтарын құрастырады;
- отырғызу алаңдарының табалдырықтарын қабаттарға таратады;
- отырғызу алаңдарының табалдырығына кіреберіс қуыстың осьтік сызығын, кіреберіс қуыстың енін білдіретін оң жақ және сол жақ сызықтарын сызады;

- еденнің базалық сызығы және серіппелі сымның кесінділерімен анықталатын (кіреберіс қуыстың ені) сызықтарға отырғызу алаңының уақытша кронштейнін орнатады, анкерлік болтты орнататын орынды белгілейді және тесік теседі;
- анкерлік болттың көмегімен табалдырық кронштейнін уақытша бекітеді;
- отырғызу алаңдарының табалдырығын көлденең жазықтықта ортаға дәлдейді және алға-артқа, оңға-солға бағытында реттейді;
- отырғызу алаңының табалдырығын электрмен дәнекерлейді;
- фартук орнатады;
- табалдырық кронштейнін уақытша орнатады;
- отырғызу алаңының табалдырығын монтаждайды.



64-сурет – Кабинаның және қабат есіктерінің монтаждалған табалдырықтары
1 – кабина табалдырығы, 2 – қабат есігінің табалдырығы


Есік қуыстарының көмкермелерін монтаждау

Блок есіктеріне арналған болат көмкермелерді орнатуды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- отырғызу алаңдарының көмкермесін құрастыруды жүргізеді;
- көмкермелерді, бекітерлерді және отырғызу алаңдарының басқа да құрауыштарын қабаттарға таратады;
- есік қуысы көмкермесінің қадаушасына қадаушаны бекітуге арналған 2 нүкте: 1200 мм және 870 мм биіктікте (стандартты қуыс) және таза еденнің белгісінен 300 мм қашықтыққа (кең қуыс) қосымша нүкте белгілейді, тесік теседі және оларға анкерлік болттар орнатады. Анкерлік болттарды бекіту схемасы 65-суретте келтірілген.




66-сурет – Қабат есіктеріне орнатылған көмкерме



Стандартты қуыс

Кең қуыс



- 1 – табалдырық;
- 2 – анкерлік болт.


67-сурет – Анкерлік болттарды бекіту схемасы

- еденге ағаш тығырық, оның үстіне қадаушалар мен көмкерменің жоғарғы арқалығын орнатады;


- қадаушалар мен көмкерменің жоғарғы арқалығын М6 болттармен уақытша бекітеді.

Табалдырықты анкерлік болттармен бекіту 68-суретте келтірілген.

Қадаушалар мен көмкерменің жоғарғы арқалығын құрастыру схемасы 69-суретте келтірілген.



68-сурет – Табалдырықты анкерлік болттармен бекіту



- 1 – ұстағыш;
- 2 – М6 болты;
- 3 – көмкерменің жоғарғы арқалығы;
- 4 – көмкерме қадаушасы

69-сурет – Қадаушалар мен көмкерменің жоғарғы арқалығын құрастыру схемасы

- алдыңғы және артқы, сол жақ және оң жақ саңылауды реттейді және біріктіргіш кронштейнді орнатады;
- қадаушаны отырғызу алаңының табалдырығына М5 болттарымен уақытша бекітеді;
- қадаушаның орналасуын және көлбеулігін реттейді және кронштейн болтын қатайтады;
- көмкерме қадаушасы мен анкерлік болттар арасындағы металл тұтастырғыны бекітеді, электр доғалы дәнекерлегіштің көмегімен олар дәнекерленеді. Дәнекерлеу сол жақ жоғарғы болттан бастап ретімен оң жақ жоғарғы болтқа, сол жақ төменгі, оң жақ төменгі және ортадағы болттарға ауысып диагональдық дәйектілікпен орындалады.


Шахта есіктері аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждау

Шахта есіктері аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждау мынадай дәйектілікпен орындалады:

- шахта есігінің аспалы тетігі корпусының орналасуын кіреберіс қуыстың осьтік сызығына, серіппелі сымның сол жақ және оң жақ кесінділеріне қатысты орталыққа дәлдейді, М12 анкерлік болтын орнату орнын белгілейді және болтқа тесік теседі;
- шахта есігі аспалы тетігінің корпусынан қақпақты алады;
- аспалы тетік корпусының сол жақ және оң жақ кронштейндерін орнатады және анкерлік болттармен уақытша бекітеді;
- тросың бұратылуына жол бермей, аспалы тетіктің корпусындағы роликке жүк тросын асады;
- шахта есігі аспалы тетігінің корпусындағы қақпақты бекітетін орталық болттың тіктеуішін түсіреді, корпустың орналасуын тіктеуіш отырғызу алаңы кіреберіс қуысының табалдырығына ось сызығынан 0 ± 1 мм шекте ауытқуымен түсетіндей түрде реттейді;
- есіктердің аспалы тетігіндегі бағыттағыштың орналасуын оның орталығынан серіппелі сымның түзеткіш кесінділері орналасатын жазықтыққа (кабина табалдырығының жазықтығы) дейінгі қашықтық 77,5 мм құрайтындай түрде реттейді;
- отырғызу алаңы табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен аспалы тетіктегі бағыттағыштың төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты 2170 мм тең реттейді және осы қашықтықтың оң жағынан және сол жағынан тең болуын қамтамасыз етеді.



70-сурет – Шахта есіктерінің аспалы тетігін (бастиегін) монтаждау



71-сурет – Шахта есіктерінің монтаждалған аспалы тетігі (бастиегі)

Шахта есіктерін монтаждау

Шахта есігі мынадай дәйектілікпен монтаждалады:

- шахтаның есігін аспалы тетіктің күймешесіне болтпен уақытша бекітеді және қалыңдығы 2 мм аралық қабат салады;
- мыналарды:
 - тік байламдағы қадаушаға қатысты 0 ± 1 мм шекпен шахта есігінің тік орналасуын;
 - шахта есігі саңылауының сол жақтан және оң жақтан $0\pm 0,5$ мм шектегі шамасын;
 - шахта есігі мен байлам қадаушасы арасындағы саңылаудың әрбір жағынан 4 ± 1 мм шегіндегі шамасын;
 - отырғызу алаңы табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен шахта есігінің төменгі жазықтығы арасындағы саңылаудың 5 ± 1 мм шегіндегі шамасын;
 - жоғарғы тірек ролигі мен бағыттағыштың арасындағы саңылаудың шамасын;
 - шахта есігінің барлық резеңке амортизаторларының арасындағы саңылау шамасын;
 - құлыпты сәйкестейді және ашу тросын монтаждайды.

Төменгі есіктен бастап шахтаның барлық есіктерін орнатуды осыған ұқсас дәйектілікпен орындайды.

Шахта есіктерін (жақтауларын) монтаждау 72-суретте келтірілген.



72-сурет – Шахта есіктерін (жақтауларын) монтаждау

Шахта (қабат) табалдырықтарына фартуктар монтаждау

Фартуктарды монтаждау есіктердің қабаттық табалдырықтарын орталыққа дәлдегеннен және орнатқаннан кейін орындалады. Қабаттағы есіктердің табалдырықтарына фартуктар үш М6 болттарымен бекітіледі.



73-сурет – Шахта есігінің фартугы

5.2.2.16 Электр-монтаждау жұмыстары

Машина үй-жайында электр өткізгіштерді монтаждау

Машина үй-жайындағы электр өткізгіштерді монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- аспаптарды, электр өткізгіш тартудың электр схемаларын дайындайды;
- қашықтықты өлшейді және өткізгіштер тартады;
- машина үй-жайындағы электр қосылыстарын орындайды: электр кабельдерінің клеммаларын қысады, кіреберіс жағынан электрмен қоректендіру кабелін, жүктеме жағынан электрмен қоректендіру кабелін, магниттік тежегіш кабелін, бұру бұрышы шеңберлі датчигінің кабелін қосады, жылдамдық шектегішпен қосуды орындайды.

Аспалы кабельдерді монтаждау

Аспалы кабельдерді монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- аспалы кабельдер мен электр өткізгіштері тарамының санын тексереді;
- аспалы қапсырманы монтаждайды;
- шахтаның бөлу қорабындағы аспалы кабелдерді кабинаның түбіне немесе кабинаның төбесіне монтаждайды;
- EVV кабелдерін монтаждайды.

Шахтадағы электрөткізгішті монтаждау


Шахтадағы электрөткізгішті монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кабелдерді дайындайды;
- EVV кабелдерін басқару пультінің негізіне монтаждайды;
- EVV кабелдерін шахтаға монтаждайды;
- шахтадағы электр өткізгішті монтаждайды.


Кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр өткізгішті монтаждау

Кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр өткізгішті монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:


- монтаждаудың берілген параметрлеріне сәйкес барлық ажыратқыштарды орнатады;
- әрбір ажыратқыштан кабина төбесіндегі бөлу қорабына электр кабелін тартады;
- барлық кабельдерді тірек бұрышына орналастырады және оларды 300 мм аралықта тартқыштармен бекітеді. Аспалы кабельді тартады және оны кабинаның қадаушасына және есіктің аспалы тетігінің корпусына байлайды;
- әрбір ажыратқыш кабелінің жалғағышын бөлу қорабының қарсы жалғағышына енгізеді.




74-сурет – Лифт алаңындағы шахтаның электр өткізгіші



75-сурет – Шахтадағы электр өткізгішті бекіту



76-сурет – Шахтадағы аспалы кабелді бекіту



77-сурет – Аспалы кабелді төменнен кабина қаңқасына бекіту


5.2.2.17 Кабинаны (купе) құрастыру

Дайындық жұмыстары

Кабинаның қоршау қабырғалары мен есіктерін монтаждау дайындық жұмыстарынан басталады:


- кабинаның төбесінде орналасқан резеңке амортизаторларды төбе плитасынан бұрап босатады;
- арқандарды төбе плитасының төрт бұрышына байлайды;
- кабина төбесінің плитасын полиспастымен немесе көлденең білікпен ілмектейді;
- кабинаның қоршау қабырғаларының секцияларын ретімен нөмірлейді;
- кабинаның қоршау қабырғаларының секцияларынан қорғаныштық үлбірді аластайды.

Кабинаның құрамдас бөліктері 78-суретте көрсетілген.



78-сурет – Кабинаның құрамдас бөліктері

1- төбе, 2 – бүйір қабырғасы, 3 – жақтау (үлкен тірек), 4 – маңдайша, 5 – маңдайша планкасы, 6 – еден, 7 – табалдырық, 8 – фартук, 9 – кіші тірек, 10 – шақыру панелі бар бүйір қабырғасы, 11 – артқы бұрыш, 12 – арқалығы.



79-сурет - кабина есігінің көрінісі

1-есікті ашу тетігінің рамасы, 2- шкив, 3-кабина, 4- сызғыш, 5-жақтаулар, 6- фартук, 7- табалдырық, 8 -күймеше

Қоршау қабырғаларды монтаждау

Қоршау қабырғаларды монтаждау мынадай дәйектілікпен орындалады:

- кабинаның сол жақ қоршау қабырғасын және кіреберіс қуыстың қадашасын монтаждайды;

- кабинаның оң жақ қоршау қабырғасын және кіреберіс қуыстың қадашасын монтаждайды;

- кабинаның артқы қоршау қабырғасын монтаждайды;

- кабинаның сол жақ, оң жақ және артқы қоршау қабырғаларын өзара қосады.

Қабырға секцияларының арасындағы саңылау және олардың биіктіктерінің айырмашылығы $\pm 0,5$ мм шегінде болуға тиіс;

- кабинаның кіреберіс қуысының үстіндегі көлденең панелді монтаждайды;

- төбе плитасын монтаждайды. Төбенің плитасын кабина қабырғаларының жоғарғы шеттеріне және кабинаның кіреберіс қуысының көлденең панеліне М6 болттарымен бекітеді. Кабинаның қоршау қабырғаларының төменгі шеттеріне бекітетін алдын ала белгіленген болттарды тірек рамасына бұрайды. Кабинаның қоршау қабырғаларының жоғарғы шеттері мен төбе плитасын өзара бекітетін алдын ала белгіленген болттарды бұрайды. Кабинаның кіреберіс қуысы қадашалырының тігінен және оның қоршау қабырғаларынан ауытқу 0 ± 2 мм шегінде болуға тиіс;

- кабинаның төбесіне резеңке амортизаторлар орнатады. Амортизатор +1 мм саңылаумен немесе кабина қадашасына қатысты шамалы көлбеумен орнатылады.

- кабинадағы басқару постын монтаждайды. Басқару постының қақпағын бекітетін бұрандаларды ағытады және басқару постын кабина қабырғасындағы тесікке енгізеді. Басқару постын кабина қабырғасына М6 болттармен уақытша бекітеді, саңылауларды жоғарыдан және төменнен аралық қабаттармен реттейді, 4 нүктеде М6 болттарымен тартады. Басқару посты кабина қабырғасының жазықтығынан 1 мм қашықтыққа терең енгізілуге тиіс. Басқару постынан келетін өткізгіштерді қабырғаның кронштейндері артындағы кілте арқылы тартады және осы өткізгіштерді байлап, оларды кабина еденіне тартады. Кабина басқару постысының қақпағын М5 бұрандаларымен бекітеді.

Кабина есігінің жетегін монтаждау

Кабина есігінің жетегін монтаждау жұмыстары басталғанға дейін кабинаны монтаж орындалатын деңгейге дейін түсіру, есіктің жетегін асып қою және тасымалдау тіреуішін алыщп тастау қажет.

Кабина есігінің жетегін монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кабина есігінің жетегін тірек бұрышындағы орынға дәл орналастырады және оны 2 нүктеде М12 болттармен уақытша бекітеді;

- тіктеуішті тізбектік беру блогының ортасымен кабина есігінің аспалы тетігіндегі есіктің бағыттағышы арқылы түсіреді. Тіктеуіштің 0 ± 1 мм шегінде солға және оңға ауытқуымен кабина табалдырығының осімен түйісуін қамтамасыз етеді;

- тіктеуішті кабина табалдырығының шетінен түсіреді және табалдырықтың шеті мен есіктің аспалы тетігіндегі бағыттағыштың арасындағы қашықтықты 58 ± 1 мм шегінде сәйкестендіреді;

- кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен есік бағыттағыштарының төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты $EN+69\pm 1$ шегінде сәйкестендіреді және жетекті уақытша бекітеді (ЕН – кіреберіс қуыстың биіктігі).

Кабина есігін монтаждау

Кабина есігін монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кабинаның есігін аспалы тетіктік күймешесіне болттармен уақытша бекітеді, қалыңдығы 2 мм аралық салады және болттарды қатайтады;

- кабина есігінің төменгі жазықтығы мен кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы арасындағы қашықтықты 5 ± 1 мм шегінде сәйкестендіреді, кабина есігі мен кіреберіс қуыс қадаушасы арасындағы саңылауды 4 мм шегінде және есіктің вертикалдан ауытқуын 0 ± 1 мм шегінде сәйкестендіреді;

- кабина табалдырығының осі мен кабина есігі орналасуының үйлесімін тексереді;

- есіктің жоғарғы және төменгі резеңке тоқтатқыштары арасындағы саңылауды 0 ± 1 мм шегінде сәйкестендіреді;

- есіктердің ашылуын сәйкестендіреді.

Кабина есігінің қауіпсіздік құрылғыларын монтаждау

Кабина есігінің қауіпсіздік құрылғыларын монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- қауіпсіздік башмағын монтаждап, сәйкестендіреді. Қауіпсіздік башмағының жоғары-төмен қозғалатын тұтқаларын М8 болттармен уақытша бекітеді. Қауіпсіздік башмағын есікке орнатып, оның көлбеу бұрышын 0 ± 2 мм шегінде сәйкестендіреді және болттармен бекітеді. Екіжақты қауіпсіздік башмақтары пайдаланылған жағдайда башмақтың орналасуын ол кабинаның есігінен 25 мм шығып тұратындай және 40 мм толық жұмыс жүрісі болатындай етіп сәйкестендіреді. Сәйкестендіруді қауіпсіздік башмағының арт жағында орналасқан болтпен (тоқтатқышпен) орындайды. Бірінші қауіпсіздік башмағы кабинаның есігінен 25 мм шығып тұруға және 55 мм толық жұмыс жүрісі болуға тиіс. Сол жақ және оң жақ қауіпсіздік башмақтарының арасындағы саңылау кабина есігі жабылғанда 5 мм құрауға тиіс;

- қорғау фотоэлементін монтаждайды. Қорғау фотоэлементінің бергіші мен қабылдағышын М5 болттарымен екі нүктеде кронштейндерге бекітеді. Бергішті кабинаның сол жақ жақтауына, ал қабылдағышты кабинаның оң жақ жақтауына өзі тесетін М4 бұрандаларымен уақытша бекітеді. Бергіш пен қабылдағышты орнату позицияларының үйлесуін көлденеңінен 0 ± 3 мм шегінде реттеп, бұрандаларды қатайтады;

- электр өткізгішті монтаждайды. Электр өткізгіш бұрауларының жоғарғы бөліктерін есік бағыттағышының оң және сол жақ ұштарына М8 болттарымен бекітеді. Бұраулардың төменгі ұштарын есіктің оң және сол жақ жақтауларына М4 болттарымен бекітеді.

Электр өткізгіш тізбегінің бағыттағыш кронштейндерін есік жақтауларына М4 бұрандаларымен бекітеді. Фотоэлементтерге және микрожыратқыштарға келетін кабелдерді бекітеді, электр өткізгіш кабельдерін тізбекке тартқыштармен байлайды;

- көп элементті фотоэлектрондық элементті монтаждайды. Құрылғыны кабина есігінің шетінен $4\pm 0,5$ мм қашықтыққа тегіс конустық М4 бастиегімен бекітеді. Бергіштер сол жақ жақтауға, ал қабылдағыштар – оң жаққа орналасуға тиіс. Құрылғының оң және сол жақ құрауыштарының арасындағы қашықтықты тексереді, ол кабина есігі жабық кезінде 10 ± 1 мм тең болуға тиіс. Құрылғы бақылаушысын тізбекті тетік блогының төбесіне өзі тесетін М4 бұрандаларымен бекітеді. Құрылғының кабелін кабина есігіне қапсырмамен және М5 бұрандасымен бекітеді, содан соң оны электр өткізгішке қапсырмамен және М5 бұрандасымен бекітеді. Құрылғы кабелінің жалғағышын орнатады.

5.2.3 Ақырғы жұмыстар

Ауысымның соңында жұмысшылар жұмыс орындарын жинастырады, аспаптарды, мүкәммалды және пайдаланылмай қалған материалдарды қоймаға тапсырады.

5.3 Лифттерді монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған операциялық карта б-кестеде келтірілген.

6-кесте – Лифттерді монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, аспап, мүкәммал, айлабұйымдар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	6 Разрядыты монтажшы (М1), 4 Разрядыты монтажшы (М2), 3 Разрядыты монтажшы (М3)	Бригада жұмысшылары мен машинистері тапсырма алады, жобалық құжаттаманы, жұмыс жүргізу жобасын және осы технологиялық картаны зерделейді, еңбекті қорғау бойынша мақсатты нұсқамадан өтеді, жұмыс орындарын жұмысқа дайындайды, қоймадан аспаптар мен айлабұйымдар алады
Негізгі жұмыстар			
Шахтаны өлшеу	Қалып, деңгей, рулетка, сызғыш, тіктеуіштерді бекітуге арналған айлабұйымдар, балға, диаметрі 1,5 мм болат сым, тістеуік	М1, М2, М3	М1, М2, М3 төменгі қабаттағы кіру қуыстарының, алдыңғы қабырғаның базалық сызықтары белгілейді. М3 және М2 кіре беріс қуыстардың, кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының жоғарғы және төменгі қалыптары үшін дайындамалар кесіп алады, қалыптың ішкі жақ шетінен 5-7 мм қашықтықта сызық сызады. Болат қалып пайдаланылған жағдайда, сызық ортасынан белгіленеді. М1, М2, М3 қалыптар дайындайды. М2 және М3 қалыптар орнату орындарын белгілейді. М1, М2, М3 шахтаны өлшейді: кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын уақытша бекітеді, кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын уақытша бекітеді, шахтаның мөлшерін түпкілікті тексереді. М1, М2, М3 кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштары үшін қалыптар орнатады.

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Негізгі өтпелі электр шығырларын орнату	Тұтқалы шығыр, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, гайка кілттері, строптар	M1, M2, M3	Ол үшін өтпелі шығырды белгілі бір ұзындықтағы троспен толтырады. Машина үй-жайының еденіне ұзындығы 1,5 – 2,5 м болат арқалық орнатады. Едендегі тесік арқылы жұмсақ стропты онымен болат арқалықты алдын ала иіп өткізеді. Жұмсақ строптың ұштарына өтпелі монтаждау шығырының жоғарғы ұшы бекітіледі, ал төменгі ұшы лифт шахтасына түсіріледі. Лифт шахтасына өтпелі монтаждау шығырын орнату тұтқалы шығырдың көмегімен жүргізіледі. Қосылқы өтпелі электр шығырларын орнату да негізгі өтпелі электр шығырларын орнату сияқты жүргізіледі.
Шұңқырға буфер құрылғысын орнату	Өтпелі шығыр, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, дәнекерлеу аппараты, тіктеуіш, гайка кілттері	M1, M2, M3	M1 және M2 тұғырды шұңқырдағы тірек арқалықтарына монтаждайды. M1 және M2 қарсы салмақ пен кабина буферлерінің металл конструкциясын (рама) жинайды. M1, M2 кабина мен қарсы салмақ үшін болттармен рамаға бекіту арқылы буферлер орнатады. Одан әрі баспалдағы бар сервис алаңын жинап, монтаждайды.
Трос байламымен жылдамдық шектегішті монтаждау	Деңгей, лом, балға, электроперфоратор, дәнекерлеу аппараты, тіктеуіш, гайка кілттері	M1, M2, M3	Жылдамдық шектегіштің арқандарын тарту мынадай түрде орындалады: - жылдамдық шектегіштің арқанын жылдамдық шектегіш жүгі жағындағы тесік арқылы шұңқырдың еденіне дейін төмен түсіреді; - арқанның бір ұшын жүкке қарама-қарсы жақта орналасқан тесік арқылы түсіреді және оны жылдамдық өлшегіштің шкивіндегі сорапқа енгізеді; - ажырамалы шплинт пен қосу штифін кабинаның көлденең білігінің қосу тұтқасынан шығарып, қапсырманы бұзады; - арқанды қосу тұтқасына салу үшін оны жылдамдық өлшегіштің тарту блогын айналдыра орап, оны бағыттағыш жағына қарай тартады; - арқанды шахта шұңқырындағы тартқыш құрылғы арқылы өткізеді.

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қосалқы өтпелі электр шығырларымен шұңқырға кронштейндер мен бағыттағыштар орнату	Өтпелі қосалқы монтаждау шығыры, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, дәнекерлеу аппараты, тіктеуіш, гайка кілттері	М1, М2, М3	<p>Бағыттағыштардың кронштейндерін орнатуға арналған позицияларды таңбалау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шұңқыршаның тереңдігі маркаланады және бағыттағыштарды орнатуға арналған позициялар анықталады (шұңқыр еденінің үстінде (бірінші кронштейн орнатылатын орын) 2 м қашықтықта көлденең сызық таңбаланады); - кронштейндер орнатылатын орындар көлденең сызықтармен таңбаланады. Бірінші кронштейн орналасатын орыннан бастап лифттің ілеспе құжаттамасында көрсетілген қадаммен (негізінен бір қадам – 1,5 м) үш қабырғаның беттеріне көлденең сызықтар жүргізіледі; - кронштейндерді жоғарғы қабатқа орнату үшін жұмыс сызбаларына сәйкес сызық жүргізіледі; - кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының осьтік сызықтары таңбаланады; <p>Кронштейндерді шұңқырға монтаждау екінші қабат деңгейіндегі мінбемен орындалады.</p> <p>Бағыттағыштарды шұңқырға беру қосалқы өтпелі шығырдың көмегімен жүргізіледі. Кабина мен қарсы салмақтың орнатылған кронштейндеріне болттағы клипстердің көмегімен бағыттағыштар монтаждалады. 5 дана санындағы бағыттағыштар өзара қаптамалармен түйістіріледі және бір тарамға айналдырылады. Бағыттағыштардың тарамдарын арттыру кезінде оны қосалқы өтпелі монтаждау шығыры қолдайды және артуына қарай жоғары тартады. Осылайша, бағыттағыштардың төрт тарамы 2-қабат деңгейіне тартылады және кронштейндерге бекітіледі.</p>

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қарсы салмақ қаңқасын монтаждау	Өтпелі монтаждау шығыры, өтпелі қосалқы монтаждау шығыры деңгей, лом, балға, электроперфоратор, дәнекерлеу аппараты, тіктеуіш, гайка кілттері	М1, М2, М3	М1, М2, М3 қарсы салмақтың қаңқасын монтаждауды орындайды. Қарсы салмақтың қаңқасын монтаждауды орналастыруды таңдаудан бастайды: қабырғаға қарсы салмақ жағынан шұңқырдың таза еденінен буфер биіктігіне плюс бос жүріс ұзындығына тең базалық сызық белгіленеді, қаңқаның алдыңғы және артқы жағы тексеріледі және оны қарсы салмақтың бағыттағыштарына жылжытады, қарсы салмақ қаңқасының орналасуын реттеп, қаңқаны қарсы салмақ бағыттағыштарының кронштейндеріне уақытша бекітеді, қарсы салмақ қаңқасының оң және сол жақтарына орналасқан кронштейндерді қарсы салмақтың бағыттағыштарымен біріктіреді, қарсы салмақтың жоғарғы және төменгі бағыттағыштарын М16 болттарымен бекітеді (4 нүктеге 4 дана).
Кабинаның қаңқасын құрастыру	Өтпелі шығыр, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, дәнекерлеу аппараты, тіктеуіш, гайка кілттері	М1, М2, М3	М1, М2, М3 кабинаны құрастырады. Қысқыштардың көмегімен (екі жағынан 8 дана) сол жақ және оң жақ бағыттағыштардың тірек бұрыштарын белгілейді, отырғызу алаңының кіреберіске қарама-қарсы қабырғасына арқалықтардың негізгі кронштейндермен болттармен бекітеді және оларға тірек арқалықтарын артады, монтаждау нұсқаулығына сәйкес ұстағыштың орналасуына қарай кабина едені мен қаңқа тікқұбырын құрастырады, көлденең діңгекті орнатады, есік жетегінің, тұтастырғының, тұғырнама тіреуішінің және тіреуіш ұстағыштың тірек планкасын орнатады, тартқышты құрастырады, түпкі ажыратқыштың бұрмасын және кабина төбесіндегі қоршауды монтаждайды, бағыттағыш роликтерді монтаждайды, кабинаны орталықтандырады. Кабина қаңқасын жинағаннан кейін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін төбені жабады. Жарық орнатады, шахтаға уақытша жарық беруге арналған кабелдер тартады. Одан әрі қаңқаның төменгі арқалығы арқылы жұмсақ жалпақ арқан жібереді, оның екі ұшы қаңқаның төбесіне шығарылады және өтпелі монтаждау шығырымен ілмекке бекітіледі.

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Лифт шахтасында кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының кронштейндерін орнату	Өтпелі шығыр, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, дәнекерлеу аппараты, тіктеуіш, гайка кілттері	M1, M2, M3	M1, M2, M3 кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының бекіту кронштейндерін орнатады. Кронштейндерді шахтаның қабырғаларына бекіту оларды салмалы бөлшектерге дәнекерлеу арқылы немесе дюбельдермен орындалады. M2 және M3 қаптамаларды бағыттағыштарға төрт болтпен бұрап бекітеді. M1 монтаждау шығырының көмегімен шахтаның шұңқырына бағыттағыштарды береді. M2, M3 шұңқырда бағыттағыштарды қабылдайды және шұңқырдың бұрыштарына саны бойынша орнатады. Монтаждау шығырымен бір бағыттағыштан тартып, және келесі бағыттағышты қоса отырып, бағыттағыштардың бүкіл тармағын жинайды. M2 және M3 қабаттарда кронштейндерге бағыттағыштарды бекітеді. Осылайша, бағыттағыштардың барлық төрт тарамы тартылады және бекітіледі.
Монтаждау шығырын машина бөлімшесіне орнату	Деңгей, лом, балға, электроперфоратор, гайка кілттері	M1, M2, M3	M1, M2, M3 машина бөлімшесінің төбесіне монтаждау шығыры мен ілгектерді орнату орнын белгілейді. M1 перфоратормен белгіленген орындарды теседі. M2, M3 едендегі тесікке дюбель қойып, монтаждау шығырын бекітеді. M1 дюбельді төбедегі тесікке қойып, монтаждау ілгегінің қажетті санын монтаждайды.
Машина үй-жайындағы жұмыстар: дайындық жұмыстары	монтаждау шығыры, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері,	M1, M2, M3	M1, M2, M3 дайындық жұмыстарын орындайды. Жұмыс сызбаларымен машина үй-жайының жай-күйін, ғимаратты электрмен жабдықтау жүйесінің және электр бөлу қалқанының жай-күйін, машина үй-жайындағы барлық тесіктердің (шығыр арқалығының, кабина мен қарсы салмақ арқанының, жылдамдықты шектеу арқанының, кабель өткізгішінің және т.б. тесіктері) жай-күйін, машина үй-жайының кіреберіс есігіндегі құлыптың жай-күйін, көтеру ілгегінің қауіпсіздігін және машина үй-жайына көтерілуге тиіс жабдықтардың барлық заттарының массасын, машина үй-жайында болуға тиіс барлық жабдықты тексереді.

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<p>- шығырды монтаждау</p> <p>- басқару пультін монтаждау және жөндеу</p>			<p>M1, M2, M3 тірек арқалықтарын орнатады, шығырды байлайды, шығырды құрастырады, шығырды орталыққа дәлдеуді орындайды, шығыр тежегішін реттейді. Жұмыстар шығырды монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес орындалады.</p> <p>M1, M2, M3 басқару пультін монтаждау мен жөндеуді орындайды. Ғимарат қабырғасынан кемінде 300 мм қашықтыққа басқару пультінің негізін орнату үшін позиция белгілейді. Басқару пультын монтаждай отырып, аралықтардың көмегімен негізді теңестіреді және оны анкерлік болттармен бекітеді. Басқару пультін негізге орнатады және оны болттармен уақытша бекітеді. Екі жазықтықтағы вертикалдан пульттің тік орналасуын қамтамасыз етеді</p>
<p>Кабина мен жылдамдық шектегіштің арқандарын тарту</p>	<p>монтаждау шығыры, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері, балға</p>	<p>M1, M2, M3</p>	<p>M1, M2, M3 кабина арқандарын тартуды былайша орындайды: кабина арқанының ұяшығына енгізілген ұштықты арқан жүретін шкивтің бірінші сорабындағы арқаннан бастап соңғы арқанға дейін кабинаның көлденең білігіне түсіреді, ажырамалы шплинтті шығарып, қосарлы гайканы босатып және тірек шайбасы мен ұштық серіппесін алып, ұштықтарды көлденең біліктің монтаждау пластинасындағы тиісті тесіктер арқылы өткізеді, содан соң ұштықтарды бекіту элементтерін кері тәртіппен орнатады, бұру блогының бірінші сорабынан бастап арқандарды қарсы салмаққа түсіреді, арқандардың бұратылмауын болдырмау үшін, арқандарды шахта ортасындағы қарсы салмақтың бағыттағышына байлайды, қосарлы гайкалардың көмегімен кабина арқандарының бірдей ұзындығы реттелгеннен және жоғарғы тірек шайбаларының көлденең біліктің монтаждау пластинасына дұрыс қойылғаны тексерілгеннен кейін арқан байламдары таратылады.</p>

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Арқандарын ораумен өтемдік құрылғыны монтаждау	монтаждау шығыры, деңгей, лом, балға, электроперфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері	M1, M2, M3	Шахта шұңқырында өтемдік тізбектерді монтаждау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады: - өтемдік құрылғыны шұңқыр металл конструкциясының тұғырына болттармен бекітеді; - кабинаны сервистік алаң деңгейінде тоқтатады; - өтемдік құрылғының бұру блогын қажетті диаметрдегі және мөлшердегі тростармен толтырады; - тростардың бір ұшын кабинаның түбіне сервистік алаң деңгейінде бекітеді; - арқандардың бұратылуын болдырмай және қарсы салмақты буфер құрылғысының деңгейіне түсіре отырып, кабинаны жоғарғы қабат деңгейіне жайлап көтереді; - кабинаны жоғарғы қызмет көрсету қабаты деңгейінде тоқтатады; - тростардың екінші ұшын буфер құрылғысының деңгейінде қарсы салмақтың түбіне бекітеді; - арқандарды тиісті ұзындықта кеседі; - өтемдік арқандардың тарту тетігінің блогын монтаждайды; - өтемдік арқандардың ұштарын бітейді; - өтемдік арқандар блогының ажыратқыштарын монтаждайды.
Кабина мен қарсы салмақтың бағыттағыштарын реттеу (шыңдау)	Тіктеуіш, гайка кілттері, балға	M1, M2, M3	Лифт бағыттағыштарын реттеу кезінде бағыттағыштарды ұзына бойы және көлденең бағыттардағы түзулігін, сондай-ақ олардың тіктігін реттей отырып, қарап шығады және штихмас бойынша түзетеді.
Шахтаның кіреберіс қуыстарын монтаждау:	Деңгей, лом, балға, электроперфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері, балға, электрмен дәнекерлеу жабдығы	M1, M2, M3	

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<p>- отырғызу алаңдарының табалдырықтарын монтаждау</p> <p>- есік қуыстарының көмкермелерін монтаждау</p>			<p>M1, M2, M3 отырғызу алаңдарының табалдырықтарын монтаждауды орындайды: отырғызу алаңдарының табалдырығына кіреберіс қуыстың осьтік сызығын, кіреберіс қуыстың енін білдіретін оң жақ және сол жақ сызықтарын сызады, еденнің базалық сызығы және серіппелі сымның кесінділерімен анықталатын (кіреберіс қуыстың ені) сызықтарға отырғызу алаңының уақытша кронштейнін орнатады, анкерлік болтты орнататын орынды белгілейді және тесік теседі, анкерлік болттың көмегімен табалдырық кронштейнін уақытша бекітеді, отырғызу алаңдарының табалдырығын көлденең жазықтықта ортаға дәлдейді және алға-артқа, оңға-солға бағытында реттейді; M2 отырғызу алаңының табалдырығын электрмен дәнекерлейді; M1, M2, M3 фартук орнатады, табалдырық кронштейнін уақытша орнатады, отырғызу алаңының табалдырығын монтаждайды.</p> <p>M1, M2, M3 блок есіктеріне арналған болат көмкермелерді орнатуды орындайды: есік қуысы көмкермесінің қадаушасына қадаушаны бекітуге арналған 2 нүкте: 1200 мм және 870 мм биіктікте (стандартты қуыс) және таза еденнің белгісінен 300 мм қашықтыққа (кең қуыс) қосымша нүкте белгілейді, тесік теседі және оларға анкерлік болттар орнатады, еденге ағаш тығырық, оның үстіне қадаушалар мен көмкерменің жоғарғы арқалығын орнатады, қадаушалар мен көмкерменің жоғарғы арқалығын M6 болттармен уақытша бекітеді, алдыңғы және артқы, сол жақ және оң жақ саңылауды реттейді және біріктіргіш кронштейнді орнатады, қадаушаны отырғызу алаңының табалдырығына болттарымен уақытша бекітеді, қадаушаның орналасуын және көлбеулігін реттейді және кронштейн болтын қатайтады</p>

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<p>- шахта есіктері аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждау</p> <p>- шахтаның есіктерін монтаждау</p>			<p>көмкерме қадаушасы мен анкерлік болттар арасындағы металл тұтастырғыны бекітеді. М2 электр доғалы дәнекерлегіштің көмегімен оларды дәнекерлейді.</p> <p>М1, М2, М3 шахта есіктері аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждауды орындайды: шахта есігінің аспалы тетігі корпусының орналасуын кіреберіс қуыстың осьтік сызығына, серіппелі сымның сол жақ және оң жақ кесінділеріне қатысты орталыққа дәлдейді, анкерлік болтын орнату орнын белгілейді және болтқа тесік теседі, шахта есігі аспалы тетігінің корпусынан қақпақты алады, аспалы тетік корпусының сол жақ және оң жақ кронштейндерін орнатады және анкерлік болттармен уақытша бекітеді, тросың бұратылуына жол бермей, аспалы тетіктің корпусындағы роликке жүк тросын асады, шахта есігі аспалы тетігінің корпусындағы қақпақты бекітетін орталық болттың тіктеуішін түсіреді, корпустың орналасуын тіктеуіш отырғызу алаңы кіреберіс қуысының табалдырығына ось сызығынан түсетіндей түрде реттейді, есіктердің аспалы тетігіндегі бағыттағыштың орналасуын оның орталығынан серіппелі сымның түзеткіш кесінділері орналасатын жазықтыққа (кабина табалдырығының жазықтығы) дейінгі қашықтық 77,5 мм құрайтындай түрде реттейді, отырғызу алаңы табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен аспалы тетіктегі бағыттағыштың төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты 2170 мм тең реттейді және осы қашықтықтың оң жағынан және сол жағынан тең болуын қамтамасыз етеді.</p> <p>М1, М2, М3 шахта есігі мынадай дәйектілікпен монтаждайды: шахтаның есігін аспалы тетіктің күймешесіне болтпен уақытша</p>

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
- ернеулерді монтаждау			<p>бекітеді және қалыңдығы 2 мм аралық қабат салады, есіктің орналасуын сәйкестендіреді.</p> <p>M1, M2 қабат есіктерінің табалдырығына фартукты үш М6 болтымен бекітеді.</p>
<p>Электр-монтаждау жұмыстары:</p> <p>- машина үй-жайындағы электр өткізгішті монтаждау</p> <p>- аспалы кабельдерді монтаждау</p> <p>- шахтадағы электрөткізгішті монтаждау</p>	Электромонтаж жабдығы	M1, M2, M3	<p>M1, M2, M3 машина үй-жайындағы электр өткізгіштерді монтаждауды орындайды: аспаптарды, электр өткізгіш тартудың электр схемаларын дайындайды, қашықтықты өлшейді және өткізгіштер тартады, машина үй-жайындағы электр қосылыстарын орындайды: электр кабельдерінің клеммаларын қысады, кіреберіс жағынан электрмен қоректендіру кабелін, жүктеме жағынан электрмен қоректендіру кабелін, магниттік тежегіш кабелін, бұру бұрышы шеңберлі датчигінің кабелін қосады, жылдамдық шектегішпен қосуды орындайды.</p> <p>M1, M2, M3 аспалы кабельдерді монтаждауды орындайды: аспалы кабельдер мен электр өткізгіштері тарамының санын тексереді, аспалы қапсырманы монтаждайды, шахтаның бөлу қорабындағы аспалы кабелдерді кабинеттің түбіне немесе кабинеттің төбесіне монтаждайды, EVV кабелдерін монтаждайды.</p> <p>M1, M2, M3 шахтадағы электрөткізгішті монтаждауды орындайды: кабелдерді дайындайды, EVV кабелдерін басқару пультінің негізіне монтаждайды, EVV кабелдерін шахтаға монтаждайды, шахтадағы электр өткізгішті монтаждайды.</p>

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
- кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр өткізгіштерін монтаждау			M1, M2, M3 кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр өткізгішті монтаждауды орындайды: монтаждаудың берілген параметрлеріне сәйкес барлық ажыратқыштарды орнатады, әрбір ажыратқыштан кабина төбесіндегі бөлу қорабына электр кабелін тартады, барлық кабельдерді тірек бұрышына орналастырады және оларды 300 мм аралықта тартқыштармен бекітеді. Аспалы кабельді тартады және оны кабинаның қадаушасына және есіктің аспалы тетігінің корпусына байлайды, әрбір ажыратқыш кабелінің жалғағышын бөлу қорабының қарсы жалғағышына енгізеді.
Кабина купесін монтаждау - дайындық жұмыстары	Деңгей, лом, балға, электроперфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері,	M1, M2, M3	M1, M2, M3 кабинаның төбесінде орналасқан резеңке амортизаторларды төбе плитасынан бұрап босатады, арқандарды төбе плитасының төрт бұрышына байлайды, кабина төбесінің плитасын полиспастымен немесе көлденең білікпен ілмектейді, кабинаның қоршау қабырғаларының секцияларын ретімен нөмірлейді, кабинаның қоршау қабырғаларының секцияларынан қорғаныштық үлбірді аластайды. M1, M2, M3 кабинаның және кіреберіс қуыстың сол жақ, тоң жақ және артқы қоршау қабырғаларын қадаушасын монтаждайды, кабинаның сол жақ, оң жақ және артқы қоршау қабырғаларын өзара қосады. M1, M2, M3 кабинаның кіреберіс қуысының үстіндегі көлденең панелді монтаждайды, төбе плитасын монтаждайды.

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<p>- қоршау қабырғаларын монтаждау</p> <p>- кабина есігінің жетегін монтаждау</p>			<p>Төбенің плитасын кабина қабырғаларының жоғарғы шеттеріне және кабинаның кіреберіс қуысының көлденең панеліне М6 болттарымен бекітеді. Кабинаның қоршау қабырғаларының төменгі шеттеріне бекітетін алдын ала белгіленген болттарды тірек рамасына бұрайды. Кабинаның қоршау қабырғаларының жоғарғы шеттері мен төбе плитасын өзара бекітетін алдын ала белгіленген болттарды бұрайды. Кабинаның кіреберіс қуысы қадаушалырының тігінен және оның қоршау қабырғаларынан ауытқуын тексереді.</p> <p>М1, М2, М3 кабинаның төбесіне резеңке амортизаторлар орнатады. М1, М2, М3 кабинадағы басқару постын монтаждайды. Басқару постының қақпағын бекітетін бұрандаларды ағытады және басқару постын кабина қабырғасындағы тесікке енгізеді. Басқару постын кабина қабырғасына М6 болттармен уақытша бекітеді, саңылауларды жоғарыдан және төменнен аралық қабаттармен реттейді, 4 нүктеде болттармен тартады. Басқару постынан келетін өткізгіштерді қабырғаның кронштейндері артындағы кілте арқылы тартады және осы өткізгіштерді байлап, оларды кабина еденіне тартады. Кабина басқару постысының қақпағын бұрандалармен бекітеді.</p> <p>М1, М2, М3 кабина есігінің жетегін монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды: кабина есігінің жетегін тірек бұрышындағы орынға дәл орналастырады және оны 2 нүктеде болттармен уақытша бекітеді, тіктеуішті тізбектік беру блогының ортасымен кабина есігінің аспалы тетігіндегі есіктің бағыттағышы арқылы түсіреді. М1 тіктеуішті кабина</p>

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<p>- кабинаның есігін монтаждау</p> <p>- кабина есігінің қауіпсіздік құрылғыларын монтаждау</p>			<p>табалдырығының шетінен түсіреді және М2, М3 кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен есік бағыттағыштарының төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты сәйкестендіреді.</p> <p>М1, М2, М3 кабинаның есігін аспалы тетіктік күймешесіне болттармен уақытша бекітеді, қалыңдығы 2 мм аралық салады және болттарды қатайтады, кабина есігінің төменгі жазықтығы мен кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы арасындағы қашықтықты, кабина есігі мен кіреберіс қуыс қадаушасы арасындағы саңылауды және есіктің вертикалдан ауытқуын сәйкестендіреді, кабина табалдырығының осі мен кабина есігі орналасуының үйлесімін тексереді, есіктің жоғарғы және төменгі резеңке тоқтатқыштары арасындағы саңылауды сәйкестендіреді, есіктердің ашылуын сәйкестендіреді. М1, М2, М3 қауіпсіздік башмағын монтаждап, сәйкестендіреді. Қауіпсіздік башмағының жоғары-төмен қозғалатын тұтқаларын болттармен уақытша бекітеді. Қауіпсіздік башмағын есікке орнатып, М1, М2, М3 оның көлбеу бұрышын сәйкестендіреді және болттармен бекітеді. Сәйкестендіруді қауіпсіздік башмағының арт жағында орналасқан болтпен (тоқтатқышпен) орындайды. М1, М2, М3 оң және сол жақ қауіпсіздік башмақтарының арасындағы саңылауды реттейді, қорғау фотоэлементін монтаждайды. Қорғау фотоэлементінің бергіші мен қабылдағышын болттарымен екі нүктеде кронштейндерге бекітеді. Бергішті кабинаның сол жақ жақтауына, ал қабылдағышты кабинаның оң жақ жақтауына өзі тесетін бұрандалармен уақытша бекітеді. Бергіш пен қабылдағышты орнату позицияларының үйлесуін көлденеңінен реттеп, бұрандаларды қатайтады, электр өткізгішті монтаждайды. Электр өткізгіш бұрауларының жоғарғы бөліктерін есік бағыттағышының оң және сол жақ ұштарына болттармен бекітеді. Бұраулардың төменгі ұштарын есіктің оң және сол жақ жақтауларына болттармен бекітеді. Электр өткізгіш тізбегінің бағыттағыш кронштейндерін есік жақтауларына бұрандалармен бекітеді.</p>

6-кестенің соңы

1	2	3	4
			<p>Фотоэлементтерге және микроажыратқыштарға келетін кабелдерді бекітеді, электр өткізгіш кабельдерін тізбекке тартқыштармен байлайды, көп элементті фотоэлектрондық элементті монтаждайды. Құрылғыны бұрандамен бекітеді. Құрылғының оң және сол жақ құрауыштарының арасындағы қашықтықты тексереді. Құрылғы бақылаушысын тізбекті тетік блогының төбесіне өзі тесетін бұрандалармен бекітеді. Құрылғының кабелін кабина есігіне қапсырмамен және бұрандамен бекітеді. Құрылғы кабелінің жалғағышын орнатады.</p>
Ақырғы жұмыстар			
Ақырғы жұмыстар	-	M1, M2, M3	M1, M2, M3 жұмыс орындарын жинастырады, материал қалдықтарын контейнерлерге жинайды және оларды қоймадағы жауапты адамға тапсырады.

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Лифттерді монтаждау кезінде пайдаланылатын материалдардың шығысын жұмыс жобасы жабдығының ерекшеліктері бойынша қабылдайды.

6.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптардың, мүкәммалдың және айлабұйымдардың тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте - Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптардың, мүкәммалдың және айлабұйымдардың тізбесі

Р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Бір буынға (бригадаға) саны, дана
1	Мұнаралы кран	Материалдар беру	$Q_{\max} = 25$ т	1
2	Монтаждау шығыры	Жабдықты көтеру	ЖЖЖ бойынша ж/к	1
3	Тұтқалы шығыр	Қосымша жұмыстар	ЖЖЖ бойынша ж/к	1
3	Строп	Материалдар мен бұйымдарды байластыру	ЖЖЖ бойынша ж/к	ЖЖЖ бойынша
4	Кабина бағыттағыштарын көтеруге арналған қапсырма	Жабдықты көтеру	-	1
5	Қарсы салмақ бағыттағыштарын көтеруге арналған қапсырма	Подъем оборудования	-	1
6	Дәнекерлеу аппараты	Арматура дәнекерлеу	$U = 220$ В	1
7	Дәнекерлеу кабелі	Дәнекерлеу	Ұзындығы – 50м	1
8	Электрод ұстағыш	Дәнекерлеу	Ток – 300А	1
9	Электроперфоратор	Тесік бұрғылау	Қуаты – 550 Вт Айналымдар саны 1300 айн/мин	1
10	Қол қысқышы	Жабдық құрастыру	-	3
11	Диэлектрлі отвертка	Өткізгіштерді клеммаларға қосу	14 мм × 250 мм 1000 Вт	3
12	Слесарь балғасы	Жабдық құрастыру	Массасы 0,36 кг	2
13	Монтаждау ломы	Қалып қалқандарын тегістеу	-	2
14	Гайка кілттерінің жиынтығы	Жабдық құрастыру	-	1

7-кестенің соңы

Р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Бір буынға (бригадаға) саны, дана
15	Өлшеу сызғышы	Желілік өлшеу	Ұзындығы 300 мм, о.д.1 мм	1
16	Металл рулетка	Желілік өлшеу	Ұзындығы 10000 мм, ц. д. 1 мм	1
17	Щуптар жиынтығы	Бақылау құралы	Қалыңдығы 0,5 мм - 2,0 мм	1
18	Құрлысшы деңгейі	Бақылау құралы	Ұзындығы 2,0 м	1
19	Штангенциркуль	Бақылау құралы	Ц.д.1 мм	1
20	Құрылысшы тіктеуіші	Бақылау құралы	Диаметрі 45 мм, салмағы 0,238 кг, жібінің ұзындығы 5 м	1
21	Маркер	Таңба салу	-	2
22	Құрылысшы каскасыКаска строительная	Қорғану құралы	-	бір бригадаға
23	Сақтандыру белдігі	Қорғану құралы	-	бір бригадаға
24	Баспалдақ	Биікке шығу құралы	-	2
25	Мінбелер	Биікке шығу құралы	-	жиынтық
26	Лифт шахтасы есік қуысының жұмыс кезеңіне арналған мүкәммалдық қоршауы	Қорғану құралы	-	жиынтық
27	Өрт сөндіргіш	Қорғану құралы	-40°С - +50°С Көлемі, 490 мм × 220 мм × 420 мм	ЖЖЖ бойынша
28	Костюм	Қорғану құралы	-	бір бригадаға
29	Қолғап	Қорғану құралы	-	бір бригадаға
30	Бетті қорғайтын қалқан	Қорғану құралы	-	бір бригадаға
30	Аяқ киім	Қорғану құралы	-	бір бригадаға
31	Аптечка	Қорғану құралы	-	бір бригадаға

7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Лифттерді монтаждауға арналған технологиялық процестерді бақылау картасы 8-кестеде келтірілген.

8-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚ арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚ арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
Кіріспе бақылау										
Жолаушылар және жүк лифттері: - жабдықтардың толықтығы	Ілеспе құжаттамада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкестігі	Ілеспе құжаттар бойынша, ЖЖЖ бойынша	Жол берілмейді	Қабылдау алаңы	Тұтас (әрбір топтама)	Шебер (прораб)	Визуалды	-	-	Кіріспе бақылау журналы
Операциялық бақылау										
Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарын орнату	Бағыттағыштардың вертикалдан ауытқуы, мм, бағыттағыштардың мынадай ұзындығы кезінде:	- 50 м дейін - 50 м астам	Шахта бийіктігінің 1/5000 10 аспайды	Жұмыс жүргізілетін орын	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу(МЕМСТ Т 26433.2)	Рулетка Сызғыш Деңгей (МЕМСТ 9416)	Өзгеру диап. 0 мм-ден 10000 мм дейін, о.д.1 мм Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм 1 дәлдік тобы	Жалпы жұмыстар журналы

8-кестенің жалғасы

8-кестенің жалғасы	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамала р іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылау ды немесе сынамала р жүргізуді орындауш ы	Бақылау әдісі, ТНҚ арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелері н ресімдеу
	Атауы	Номинал- дық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы , ТНҚ арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
Шахта есігін монтаждау	Кабина бағыттағыштары түйісетін жердегі ауытқу, мм, жылдамдық кезінде, м/мин	- 300 астам - 120-300 - 120 кем	0,1 0,15 0,25	Жұмыс жүргізілеті н орын	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу(МЕМС Т 26433.2)	Рулетка	Өзгеру диап. 0 мм-ден 10000 мм дейін, о.д.1 мм	Жалпы жұмыста р журналы
	Қарсы салмақ бағыттағыштары түйісетін жердегі ауытқу, мм, жылдамдық кезінде, м/мин	- 300 астам - 120-300 - 120 кем	0,2 0,3 0,5	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм Бұл да	Бұл да
	Тік байлам қадаушасына қатысты вертикалдан ауытқу, мм	-	±1,0	Жұмыс жүргізілеті н орын	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу(МЕМС Т 26433.2)	Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм 1 дәлдік тобы	Жалпы жұмыста р журналы
	Есік саңылауы оң және сол жақтан, мм	-	±0,5	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм	Бұл да

8-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚ арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚ арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
	Есік пен қадауша арасындағы саңылау әр жағынан, мм	4,0	±1,0	- « -	- « -	- « -	- « -	Бұл да	Бұл да	- « -
	Отырғызу алаңы табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен есіктің төменгі жазықтығы арасындағы саңылау, мм	5,0	±1,0	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -
	Жоғарғы тірек ролигі мен бағыттағыш арасындағы саңылау, мм	0,2	+0,1	Жұмыс жүргізілетін орын	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу(МЕМСТ 26433.2)	Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм	Жалпы жұмыстар журналы
	Резецке амортизаторлар арасындағы саңылау, мм	-	±1,0	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да
Құлыптың ілгешегі мен ілгіші арасындағы көлденең және тік саңылау, мм	2,5	±0,5	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -

8-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚ арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚ арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
Қарсы салмақты монтаждау	Қарсы салмақ жүктерінің арасындағы саңылау 100 м ұзындықта, мм, мм	5,0	Жол берілмейді	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -
Қоршау қабырғаларын монтаждау	Қабырға секциялары арасындағы саңылау және олардың биіктіктерінің айырмасы, мм	-	±0,5	Жұмыс жүргізілетін орын	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу(МЕ МСТ 26433.2)	Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм	Жалпы жұмыстар журналы
	Кабинаның кіреберіс қадаушасы мен қоршау қабырғаларының вертикалдан ауытқуы, мм	-	±2,0	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм	Бұл да
	Амортизатор орнату (саңылау), мм	1,0	-	- « -	- « -	- « -	- « -	Бұл да	Бұл да	- « -

8-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚ арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚ арналуы	Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
Кабинаны монтаждау	Вертикалдан ауытқу, мм	-	±3,0	Жұмыс жүргізілетін орын	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Сызғыш Деңгей (МЕМСТ 9416) Тіктеуіш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм 1 дәлдік тобы	Жалпы жұмыстар журналы
	Кабина табалдырығы шеті мен отырғызу алаңы табалдырығының шеті арасындағы саңылау, мм	30	±2,0	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм	Бұл да
	Еден жазықтығынан көлденең ауытқу, мм	-	±2,0	- « -	- « -	- « -	- « -	Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм 1 дәлдік тобы	- « -
	Тік байлам қадаушасына қатысты вертикалдан ауытқу, мм	-	±1,0	Жұмыс жүргізілетін орын	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Сызғыш Деңгей (МЕМСТ 9416) Тіктеуіш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм 1 дәлдік тобы	Жалпы жұмыстар журналы
								Деңгей (МЕМСТ 9416)	Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм 1 дәлдік тобы	

8-кестенің соңы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамалар іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚ арналуы	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, ТНҚ арналуы	Өлшемдер диапазоны, кателігі, дәлдік класы	
Қабылдаулық бақылау										
Лифтті қабылдау	Лифтті жүргізіп жаттықтыру және пайдалануға тапсыру	Лифттерді жөндеу нұсқаулығына және дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес	Жол берілмейді	Әр лифт	Тұтас	Қабылдау комиссиясының мүшелері	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Рулетка Сызғыш	Өзгеру диап. 0 мм-ден 10000 мм дейін, о.д.1 мм Өзгеру диап. 0 мм-ден 300 мм дейін, о.д.1 мм	Лифттің техникалық дайындығы және қабылдау актісі

8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

8.1 Лифттерді монтаждау жөніндегі жұмыстар ҚР ҚНЖҚ 1.03-06, ҚР ҚНЖҚ 5.03-37, ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, МЕМСТ 12.1.013, ЭОҚ, ҚР өрт қауіпсіздігі қағидаларының, МЕМСТ 12.1.004, Лифттерді монтаждау жөніндегі дайындаушы зауыт нұсқаулығының, Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың, құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ), жұмыстарды жүргізу жобасының (ЖЖЖ) және осы технологиялық картаның талаптарына қатаң сәйкестікте орындалады.

8.2 Құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау ҚР ҚНЖҚ 1.03-05 7-қосымшасында жазылған талаптарды қамтитын жұмыстарды жүргізу жобасы бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

8.3 Жұмысшыларды жұмыстарды атқаруға жіберердің алдында әкімшілік:

- ұйым басшысының бұйрығымен жұмысты жауапты орындаушыны тағайындауға;
- жұмысшыларды жұмыстарды қауіпсіз орындау әдістеріне үйретуге және талаптарға сәйкес журналға қол қойғыза отырып, еңбекті қорғау нұсқамаларын өткізуге, белгіленген тәртіппен наряд-рұқсат беруге;

- жұмысшыларды жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

8.4 Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты адам:

- жұмыс орнында немесе жұмыс уақытында алкогольдік масаю, не есірткі құралдарын, психотроптық немесе уытты заттарды пайдалануданғ сондай-ақ спиртті ішімдіктерді ішуден, есірткі құралдарын, психотроптық немесе уытты заттарды пайдаланудан туындаған жай-үйдегі адамдарды жұмысқа жібермеуге немесе жұмыстан шеттетуге;

- жұмысты бастардың алдында әрбір қызметкерде жеке пайдалану құралдарының (ЖПҚ) болуын және олардың жарамдылығын тексеруге;

- жұмыстарды орындау процесінде қызметкерлердің ЖПҚ-ны НТҚ талаптарына сәйкес қатаң арналуы бойынша пайдалануына бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

8.5 Жұмыс жүргізумен айналысатын барлық адамдар МЕМСТ 12.4.087 бойынша қорғаныштық каска киюге міндетті. Қорғаныштық каскасыз және жеке қорғанудың басқа да құралдарынсыз инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылар жұмыстарды атқаруға жіберілмейді.

8.6 Жүрдек жүк-жолаушылар лифттері жүйесін монтаждауды жүргізу кезінде алдыңғы операция кейінгілерді орындау кезінде өндірістік қауіптіліктің көзіне айналмайтындай түрде өндірістік операциялардың технологиялық дәйектілігін сақтау қажет.

8.7 Құрылыс алаңын ұйымдастыру, жұмыс учаскелерін, жұмыс орындарын, құрылыс машиналары жүретін жолдарды, адамдарға арналған өтпелерді орналастыру кезінде қауіпті аймақтар шекараларын белгілеу қажет.

8.8 Тұрақты жұмыс істейтін қауіпті өндірістік факторлардың қауіпті аймақтарының бөгде адамдардың кіруін болдырмау үшін МЕМСТ 23407 бойынша қорғаныштық қоршаулары болуға тиіс. Осы аймақтарда жұмыс жүргізуге ЖЖЖ сәйкес жұмысшыларды қорғау бойынша нақты шешімдері бар адамдарға жол беріледі.

8.9 Құрылыс алаңы, жұмыс учаскелері, жұмыс орындары, оларға өтетін жолдар тәуліктің қараңғы уақытында МЕМСТ 12.1.046 сәйкес жарықтандырылуға тиіс.

8.10 Лифттерді монтаждау орындарындағы жұмыс аймақтарының жарықтылығы 50 лк болуға тиіс. Жарықтандыру біркелкі, жарықтандыру приборларының жұмысшыларды шағылыстырмайтын болуға тиіс. Жарықтандырылмаған жерлерде жұмыс жүргізуге жол берілмейді.

8.11 Құрылыс алаңындағы, жұмыс жүргізу учаскелеріндегі және жұмыс орындарындағы электр қауіпсіздігі МЕМСТ 12.1.013 талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

8.12 Желдің жылдамдығы 15 м/с және одан да көп болғанда, қоршау болмағанда, сондай-ақ көктайғақта, найзағай кезінде, қатты қар жауғанда, жұмыс аймағы шегінде көруді нашарлататын тұманда ғимараттың төбесінде тұрып, лифт жабдығын монтаждау бойынша жұмыс жүргізуге тыйым салынады.

8.13 Массасы көтеру құралдарының ең көп жүк көтергіштігіне жақын жабдықтарды көтеруді екі кезеңде орындау қажет. Әуелі жабдықты 200 мм-ден 300 мм дейін көтеру, байламды және тежегіштің жай-күйін тексеру, содан соң толық биіктікке көтеру қажет. Массасы белгісіз жабдықты көтеруге тыйым салынады.

8.14 Жабдықты шахтаның ашық қуысы арқылы монтаждау аяқталғаннан кейін қуыс тұрақты темір бетон плитамен немесе уақытша тұтас ағаш жабындымен жабылуға тиіс.

8.15 Көтеру айлабұйымдарын (шығырлар, тальдер, блоктар) құрылыс конструкцияларына бекітуге, сондай-ақ жабдықтардың элементтерін ғимараттардың жаппаларына (төбесіне, қабаттарына) уақытша жинауға бас мердігер (тапсырыс беруші) рұқсат еткен орындарда ғана рұқсат етіледі.

8.16 Лифттерді монтаждау кезінде:

- шахта есіктерін ашық қалдыруға;
- өлшегіштерді қоспағанда, лифтті басқару тізбегіне электр аспабын, жарықтандыру шамдарын немесе басқа да электр приборларын қосуға;
- кабина жылжып келе жатқанда оның қаңқасында немесе төбесінде жұмыс істеуге;
- кабинаның төбесінде екі монтажшыдан артық адамның болуына;
- лифтті монтаждауға байланысы жоқ адамдарды тасымалдауға;
- тозған, жыртық немесе дымқыл арнайы киіммен электрмен дәнекерлеу жұмыстарын (электрод ауыстыруды қоса алғанда) орындауға, сондай-ақ жарамсыз электрод ұстағышпен жұмыс істеуге;
- электр қозғалтқыштың жұмысы кезінде кабинаны қармағыштан алуға;
- жұмыстан кейін кабина төбесіне немесе мінбелерге жанар-жағар май материалдарын, жүберекті, аспаптар мен қосалқы бөлшектерді қалдыруға;
- кабинаның төбесіне кіруге және шағын жүкті лифтпен шахтада жүруге;
- шахтаның және кабинаның ашық есіктері арқылы қабат алаңынан лифтті іске қосуға;
- номиналдық жылдамдықпен қозғалу кезінде лифттің сақтандыру және бұғаттау құрылғыларын тұйықтауға (істен шығаруға);
- кернеуі 42 В асатын қол шамдарын пайдалануға;
- арқандармен, бағыттағышпен және салмалымен төмен түсуге немесе көтерілуге;
- металл конструкцияларымен шахтадан іргелес шахтаға өтуге;
- кернеуде тұрған контктыға аспапты қосуға. Кернеудің бар-жоқтығын бақылау приборларымен ғана тексеруге;
- ықтимал қирауды болдырмау үшін жұмыстар басшысының алдын ала рұқсатынсыз жабдық бөлшектерін мінбеге қоюға;
- жүк ілінуде тұрған кезде строптардың немесе қармағыш айлабұйымдардың орналасуын өзгертуге;
- дәнекерлегішке жақын жерде қорғаныштық көзәйнексіз жұмыс істеуге;
- шахтадан тыс істеуге болатын жұмыстарды (арқандарды, бөлшектерді жуу және тазарту және т.б.) кабина төбесінде орындауға;
- шахтадағы жұмысты құрылыс немесе басқа да монтаждау ұйымдарымен қоса атқаруға;
- бекітілмеген монтаждау шығырымен жұмыс істеуге;

- кабинаның төбесінде тұрып, 0,36 м/с асатын жылдамдықпен қозғалуға (бір жылдамдықты лифттермен төмен қозғалудан басқа);
- қармағыштарды сынау кезінде кабинада болуға;
- «Жоғары» немесе «Төмен» контакторларды механикалық басып, лифті іске қосуға;
- объектідегі жұмыстар аяқталғаннан кейін лифті іске қосылған күйде қалдыруға;
- штатты емес кабельді тексеру режимін басқару аппаратына және басқару панеліне қосу үшін пайдалануға;
- оларға кабинаны немесе қарсы салмақты отырғызу кезінде май буферлеріндегі майдың деңгейін тексеруге тыйым салынады.

Кабинаның төбесіндегі батырмалы басқару постының жұмыс режимдерін ауыстырып қосуды шахтаның есігі ашық кезде жүргізу қажет.

8.17 Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізудің алдында дәнекерлеу аппаратурасының корпусын жерге қосу, дәнекерлеу өткізгіштері оқшаулағыштарының және электрод ұстағыштың жарамдылығын, сондай-ақ барлық контактылар қосылысының тығыздығын тексеру қажет.

Қандай да бір жарамсыздықтар анықталған кезде дәнекерлеу қондырғысын іске қосуға тыйым салынады.

8.18 Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде:

- жарамсыз аппаратурамен жұмысқа кірісуге;
- жаңадан сырланған конструкцияны дәнекерлеуге;
- майдың, бензиннің, керосиннің және басқа да жанғыш сұйықтардың ізі бар киімді және қолғапты пайдалануға;
- дәнекерлеушінің куәлігі жоқ шәкірттер мен монтажшыларды жұмысқа жіберуге;
- электр өткізгіштерінің қысылған немесе сұйытылған газы бар баллондармен жанасуына жол беруге;
- жерге қосу контурын дәнекерлеу тізбегінің кері өткізгіші ретінде пайдалануға;
- кернеуде тұрған дәнекерлеу аппаратына жөндеу жүргізуге тыйым салынады.

8.19 Өрт қаупі бар үй-жайларда лифт жабдығын монтаждау бойынша дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге шахтаға орнатылатын барлық ағаш конструкциялар (қоршаулар, мінбелер және т.б.) антипириндермен жабылғаннан немесе отқа төзімді сырмен сырланғаннан кейін рұқсат етіледі.

8.20 Электр дәнекерлеу жабдығын қосуды және ажыратуды бас мердігердің электрiгi жүргізуге тиіс.

8.21 Жабдықтың және аппараттың ток жүретін болып табылмайтын бөліктерінде кернеу пайда болған кезде дәнекерлеуді тоқтату және электр монтерді шақыру қажет.

8.22 Дәліздер мен алаңдарда, сондай-ақ дәнекерлеу жұмысы жүріп жатқан кабина төбесінде жанғыш материалдарды (қарақағаз, рубероид, пергамент және т.б.) еденге төсеу үшін пайдалануға тыйым салынады.

8.23 Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын орындау кезінде ҚР ПМ ӨҚББ бекіткен Құрылыс-монтаж жұмыстарын және отты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі қағидаларының (ППБС-01), Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Металдарды дәнекерлеу, балқыту және кесу кезіндегі санитарлық қағидалардың, МЕМСТ 12.1.013 талаптарын орындау қажет.

Дәнекерлеу жұмыстарына сынақ тапсырған және олар жіберілетін жұмыстардың сипатын белгілейтін куәлігі бар дәнекерлеушілерге рұқсат етіледі.

Дәнекерлеу тогының жылжымалы көздері олардың орын ауыстыруы кезінде желіден ағытылуға тиіс.

Электрмен дәнекерлеу қондырғыларын жерге қосу олар желіге қосылғанға дейін орындалуға және желіден ағытылғанға дейін сақталуға тиіс.

Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын бастардың алдында дәнекерлеу өткізгіштері мен электрод ұстағыштар оқшаулағыштарының жарамдылығын, сондай-ақ барлық контактылар қосылыстарының тығыздығын қарап тексеру қажет.

Дәнекерлеу аппараттарына, бөлу қалқандарына және басқа да жабдыққа қосылған, сондай-ақ дәнекерлеу жұмысы орындарындағы өткізгіштер сенімді оқшаулануға және қажетті жерлерінде жоғары температураның әсері мен механикалық бүлінулерден қорғалуға тиіс.

Оқшаулағышы бүлінген кезде өткізгіштер ауыстырылуға немесе қажетті деңгейге дейін оған оқшаулағыш оралуға тиіс.

Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын құрғақ киіммен және қолғаппен, қорғаныштық қалқанмен және дәнекерлеу аппараты мен дәнекерленетін бұйымдардың жерге қосылуы болған кезде орындау қажет.

Электрмен дәнекерлеу жабдығының және дәнекерлеушінің жұмыс орнының үстінде жаппа болмаған кезде жаңбыр немесе қар жауып тұрғанда электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

8.24 Жұмыс істеу үшін элетрлі қол машиналарын сақтау, тексеру, беру кезінде Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалануы кезіндегі қауіпсіздік техникасының қағидалары сақталуға тиіс.

8.25 Ажыратқыштар, рубильниктер және құрылыс алаңында қолданылатын басқа да коммутациялық электр аппараттары қорғалған түрде болуға тиіс.

8.26 127 В және 220 В электр желілеріне қосылған жалпы мақсаттағы шамшырақтар жер, еден, төсеніш деңгейінен кемінде 2,5 м биіктікке орнатылуға тиіс. Асу биіктігі 2,5 м кем болғанда шамшырақтар кернеуі 42 В жоғары емес желілерге қосылуға тиіс. Ерекше қауіпті жағдайлардағы жұмыс кезінде кернеуі 12 В жоғары емес қол шамшырақтары қолданылуға тиіс. Кернеуі 42 В дейінгі қоректендіру көзі ретінде төмендеткіш трансформаторларды, генераторларды немесе аккумулятор батареяларын қолдану қажет.

8.27 Жұмыстарды орындау кезінде сақ және абай болу қажет. Жұмыстарды орындауға қатысы жоқ адамдар жұмыс орнына жіберілмейді.

8.28 Материал дайындау жөніндегі барлық жұмыстар жерде орындалуға тиіс.

8.29 Аспаптарды арнайы футлярлармен немесе жәшіктермен алып жүру қажет. Кесу аспабын жүзін немесе тістерін ашық ұстап жүруге тыйым салынады.

8.30 Желдің жылдамдығы 10 м/с және одан да көп болғанда, көктайғақта, найзағай кезінде немесе жұмыс аймағы шегінде көруді нашарлататын тұманда биікте жұмыс жүргізуге жол берілмейді.

8.31 Жұмыс орны таза болуға тиіс, материалдарды, аспаптарды сақтау реттелген және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болуға тиіс.

8.32 Тиеу-түсіру жұмыстары

Тиеу-түсіру жұмыстарын ҚР мемлекеттік қалалық техникалық қадағалау органы бекіткен Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларының, ҚР ҚНЖҚ 1.03-05 талаптарына сәйкес жүзеге асыру қажет.

Монолиттік колонналарды орнату кезінде қолданылатын жүк көтергіш крандар Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Крандар өздерінің функционалдық арналуына сәйкес келетін және массалары олардың жүк көтергіштігінен аспайтын жүктерді көтеруге ғана жіберіледі.

Жүк көтеретін машинаның ілмегіне ілінетін жүктер орын ауыстыру кезінде жүктің тұрақты тұруы қамтамасыз етілетіндей түрде байлануға тиіс.

Көтеруге арналған жүкті байластыру үшін көтерілетін жүктің салмағы мен ерекшелігіне сәйкес келетін айлабұйымдар қолданылады.

Жүк қармағыш машиналардың жүк ілгіш ілмектері жүктің өздігінен құлауына жол бермейтін сақтандырғыш тұйықтаушы құралдармен жабдықталуға тиіс.

Строптарды, жүк қармағыш айлабұйымдарды және ыдыстарды пайдаланылу процесінде олардың жарамды жай-күйі үшін белгіленген тәртіппен жауапты тұлға техникалық тексеруден өткізуге тиіс.

Тексеру нәтижелерін тіркеп қою қажет.

Материалдарды, құрылыс конструкцияларын жұмыс орындарына беруді жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялық дәйектілікпен жүргізу қажет. Материалдар мен жабдықтарды жұмыс орындарында олар жұмыстарды атқару кезінде қауіп тудырмайтындай және өтпелерді бөгемейтіндей түрде жинау қажет.

Конструкцияларды строптау тәсілі оларды орнату орнына жобадағыға сәйкес жағдайда беруді қамтамасыз етуге тиіс.

8.33 Құрылыс объектісінде дәрі-дәрмектері бар аптекаларды, зембилдерді, тіркегіш шиналарды және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге арналған басқа да заттарды орналастыруға арналған бөлме немесе орын бөлу қажет.

8.34 Жұмыстарды атқару процесінде қоршаған ортаға залал келтірілмеуге тиіс.

8.35 Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қалдықтарды жинау және залалсыздандыру ұйымдастырылуға тиіс.

8.36 Көлік құралдары мен басқа да машиналардың дөңгелектерін жуу жұмыстарды жүргізу жобасында осы мақсаттар үшін көзделген орындарда ғана жүргізілуге тиіс.

8.37 Көлік құралдары мен басқа да машиналарға жанар-жағар май құю арнайы жабдықталған орындарда ғана жүргізілуге тиіс.

8.38 Мыналарға:

- стихиялы күресіндер жасауға;
- құрылыс материалдарының пайдаланылмаған қалдықтарын, сондай-ақ құрылыс қоқысын жерге көмуге;
- құрылыс материалдарының қалдықтарын жағуға;
- жанар-жағар май материалдарын жерге, кәріз жүйесіне және ашық су айдындарына төгуге тыйым салынады.

8.39 Қоршаған ортаны қорғау

Құрылыс жүргізуді ұйымдастыру кезінде қоршаған ортаны қорғау бойынша қажетті іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Көрсетілген іс-шаралар мен жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамада көзделуге тиіс.

Қоршаған ортаға әсер ететін, жобалық құжаттамада көзделмеген, белгіленген тәртіппен келісілмеген және бекітілмеген жұмыстарды атқаруға тыйым салынады.

Жұмысшыларды, басқарушы персоналды оқыту және олардың біліктілігін арттыру кезінде оқу бағдарламаларының құрамына қоршаған ортаны қорғау мәселелерін: негізгі заңдар мен нормативтік құжаттарды, қоршаған ортаға залал келтірумен жұмыс жүргізу қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілік түрлерін қосу міндетті болады.

Құрылыс кәсіпорындарының басшылары қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың, нормалардың, нұсқаулықтардың, бұйрықтардың сақталуына тұрақты бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Өсіп тұрған жасыл екпелерді қорғау және оларды күтіп-баптау және ұқыпты қарау, тұрмыстық және технологиялық қажеттіліктерге пайдаланылатын суды үнемдеу қамтамасыз етілуге тиіс.

9 Еңбек шығындарының калькуляциясы және нормалануы

9.1 Лифттерді монтаждау жұмыстарын жүргізуге жұмсалатын еңбек шығындарын нормалау еңбек шығындары хронометраждық жұмыстарының негізінде орындалды.

9.2 Еңбек шығындары мына формула бойынша есептелді:

$$\text{Ш} = \frac{\text{Ш}_1}{60} \cdot n ,$$

мұнда Ш – еңбек шығындары, адам-сағ;

Ш₁ – нақты объектіде нормаланған жұмыс түрлеріне еңбек шығындары, минутпен;

n – нормалау сәтінде жұмыс түрлерімен айналысқан жұмысшылардың саны.

9.3 Еңбек шығындарының нормативтері ұзақтығы 8 сағат ауысым есебінен бір жұмысшыға келтірілген.

9.4 Нормаларда жұмыстардың құрамында технологиялық процестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосымша және дайындық операциялары ескерілген бірақ әдейі ескертілмеген.

9.5 Нормаларда дайындық-қорытынды жұмыстарға (ДҚЖ), технологиялық үзілістерге (ТҮ), жеке қажеттілік пен демалуға еңбек шығындары ескерілген.

Қозғалыс жылдамдығы 2 м/с-тен 4,0 м/с дейін жүк-жолаушылар лиффтерін (жүк көтергіштігі 1350-ден қоса алғанда 1600 кг дейін лифтті монтаждау, 17 аялдама, шахтаның биіктігі 120 м, жоғарыдағы машина бөлімшесімен) монтаждау жұмыстарын жүргізуге жұмсалатын №1 еңбек шығындарының калькуляциясы

- қарсы салмақтың артта орналасуы;
- машина бөлімшесімен;
- арқандардың полипастьтық орамы;

- шахтаның биіктігі – 120 м;
- аялдамалар саны – 17.

Жұмыстардың көлемі – 1 лифт

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш- с)
						Кәсібі	Разряды	Саны	
Негізгі жұмыстар									
1	ЕШН №1	Өтпелі монтаждау шығырын орнату	процесс	1,0	18,0 (2,5)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	18,0 (2,5)
2	ЕШН №2	Қосалқы өтпелі монтаждау шығырын орнату	дана	4,0	30,0 (5,0)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	120,0 (20,0)
2	ЕШН №3	Лифт жабдығын орнату координаттарын анықтау	процесс	1,0	48,0	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	48,0
3	ЕШН №4	Шұңқыр жабдықтарын монтаждау	лифт	1,0	90,0 (10,0) (7,5) (2,67)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	90,0 (10,0) (7,5) (2,67)
4	ЕШН №5	Жылдамдық шектегішті орамымен монтаждау	лифт	1,0	24,0 (0,333) (0,583)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	24,0 (0,333) (0,583)

Кестенің жалғасы

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряды	Саны	
5	ЕШН №6	Қосалқы өтпелі монтаждау шығырымен лифт шахтасына кронштейндер мен бағыттағыштар орнату	1 лифт	1,0	23,25 (2,833) (3,15) (3,15)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	23,25 (2,833) (3,15) (3,15)
6	ЕШН №7	Өтпелі монтаждау шығырымен кабина қаңқасын тросқа бекіту арқылы қарсы салмақтың және кабинаның қаңқасын монтаждау	1 лифт	1,0	48,0 (10,91)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	48,0 (10,91)
7	ЕШН №8	Қосалқы өтпелі монтаждау шығырымен лифт шахтасына кабина мен қарсы салмақтың кронштейндері мен бағыттағыштарын орнату	қ.м	120,0	0,96 (0,32) (0,12) (0,08) (0,0668)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	115,2 (38,4) (14,4) (9,6) (8,016)
8	ЕШН №9	Машина бөлімшесінің монтаждау шығырын орнату	процесс	1,0	2,0 (0,5)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	2,0 (0,5)
9	ЕШН №10	Лифт шығырын, басқару станциясын монтаждау, жерге қосу және желіге қосу	1 лифт	1,0	96,0 (12,0) (4,17) (7,78) (4,0)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	96,0 (12,0) (4,17) (7,78) (4,0)

Кестенің жалғасы

№ p/c	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлем і	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряд ы	Саны	
12	ЕШН №11	Лифттің тартқыш арқандарын тарту (орау)	қ.м	1360,0	0,0794 (0,0186)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	107,984 (25,296)
13	ЕШН №12	Қарсы салмақты ішінара жүктеу	дана	22	0,4091 (0,1361)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	9,0 (3,0)
14	ЕШН №13	Арқандар ораумен (тартумен) шұңқырда өтемдік құрылғыны монтаждау	процесс	1,0	36,0 (9,08)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	36,0 (9,08)
15	ЕШН №14	Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарын бүкіл биіктікке бекітіп, екі проекцияға вертикал бойынша теңестіру (шыңдау)	қ.м	480,0	0,067	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	32,16
16	ЕШН №15	Шахтаның кіреберіс қуыстарын монтаждау	қуыс	17	3,45 (1,133)	Монтажшы Монтажшы	6 4	1 1	58,65 (19,261)
17	ЕШН №16	Машина үй-жайындағы және лифт шахтасындағы электр- монтаж жұмыстары	1 лифт	1,0	120,0 (4,217)	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	120,0 (4,217)
18	ЕШН №17	Лифт кабинасын құрастыру	1 лифт	1,0	52,0	Монтажшы Монтажшы Монтажшы	6 4 3	1 1 1	52,0

Кестенің жалғасы

№ p/c	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлем і	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряд ы	Саны	
19	ЕШН №18	Дәл тоқтату датчиктерінің қабаттық пластина шунттарын монтаждау	шт	17	0,941	Монтажшы Монтажшы	6 4	1 1	16,0
ЖИЫНЫ: 1016,244 адам-с Тұтқалы шығыр: (23,0 маш-с) Өтпелі монтаждау шығыры: (97,35 маш-с) Қосалқы өтпелі монтаждау шығыры: (17,233 маш-с) Машина бөлімшесінің монтаждау шығыры : (12,004 маш-с) Электрмен дәнекерлеу жабдығы: (28,363 маш-с) Перфоратор: (45,677 маш-с) Бұрыш тегістеу машинкасы: (4,0 маш-с)									
Қосымша жұмыстар									
№ p/c	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлем і	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряд ы	Саны	
1	ҚР Е 8.04-1- 2010, Е1 жинағы, 1-8-3-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен монтаждау шығырын түсіру	т	2,056	0,088 0,044	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,181 (0,0905) (0,0905)

Кестенің жалғасы

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряд ы	Саны	
2	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-3-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен кронштейндер түсіру	т	1,274	0,088 0,044	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	1,112 (0,0561) (0,0561)
3	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-12-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен бағыттағыштар түсіру	т	12,0	0,03 0,015	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,36 (0,18) (0,18)
4	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-5-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен кабина қаңқасы бар кабина купесін, жылдамдық шектегішті және буфер құрылғыларын түсіру	т	2,965	0,054 0,027	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,160 (0,080) (0,080)
5	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-1-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен қарсы салмақ қаңқасын түсіру	т	0,305	0,22 0,11	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,0671 (0,034) (0,034)
6	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-5-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен қарсы салмақ жүктерін түсіру	т	2,925	0,054 0,027	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,158 (0,079) (0,079)

Кестенің жалғасы

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряды	Саны	
7	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-4-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен лифт шығырын түсіру	т	1,6	0,072 0,036	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,1152 (0,0567) (0,0567)
8	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-2-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен бұру блогы бар тұғырды түсіру	т	0,650	0,12 0,061	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,078 (0,0397) (0,0397)
9	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-4-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен тростар бухтасын түсіру	т	1,55	0,072 0,036	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,1116 (0,0558) (0,0558)
10	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-2-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен өтемдік құрылғыны түсіру	т	0,8	0,12 0,061	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,096 (0,0488) (0,0488)
11	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-4-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен кіреберіс қуыстың құрауыштарын түсіру	т	1,92	0,072 0,036	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,138 (0,0691) (0,0691)
12	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-4-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен электр жабдығын түсіру	т	1,7	0,072 0,036	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,1224 (0,0612) (0,0612)

Кестенің жалғасы

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряды	Саны	
1 3	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-2-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен шұңқырдың металл қаңқасын түсіру	т	3,03	0,046 0,023	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,139 (0,0697) (0,0697)
14	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-8-3-кесте	Жүк көтергіштігі 25т дейінгі автомобиль кранымен автокөліктен жақтауларды (лифт есігінің) түсіру	т	1,11	0,088 0,044	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,098 (0,0488) (0,0488)
ЖИЫНЫ:									
Автомобиль краны:									
Бортты автомобиль:									
2,9363									
адам-с									
(0,9694									
маш-с)									
(0,9694									
маш-с)									
1	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-5-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына кронштейндер беру	т	1,274	0,11 0,054	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,140 (0,0689)
2	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-35-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына бағыттағыштар беру	т	12,0	0,01 0,005	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,12 (0,06)

Кестенің жалғасы

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряды	Саны	
3	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-1-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына кабина қаңқасымен кабина купесін, жылдамдық шектегішті және буфер құрылғыларын беру	т	2,965	0,044 0,022	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,131 (0,0653)
4	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-1-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына қарсы салмақ қаңқасын, жылдамдық шектегішті және буфер құрылғыларын бағыттағыштар беру	т	0,305	0,23 0,115	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,071 (0,0351)
5	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-1-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына қарсы салмақ жүктерін, жылдамдық шектегішті және буфер құрылғыларын бағыттағыштар беру	т	2,925	0,044 0,022	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,1287 (0,0644)
6	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-17-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына тростар бухтасын беру	т	1,55	0,064 0,032	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,0992 (0,0496)

Кестенің жалғасы

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряды	Саны	
7	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-3-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына өтемдік құрылғы беру	т	0,8	0,17 0,085	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,136 (0,068)
8	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-17-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына кіреберіс қуыстың құрауыштарын беру	т	1,92	0,064 0,032	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,123 (0,0614)
9	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-13-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына шұңқырдың металл қаңқасын (шұңқыр жабдығын) беру	т	3,03	0,038 0,019	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,115 (0,0576)
10	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-11-5-кесте	25т дейін жүк көтеретін автомобиль кранымен кіреберіс алаңына жақтауларды (лифт есігінің) беру	т	1,11	0,11 0,054	Такелажшы Автокран машинисі	2 6	2 1	0,1221 (0,0599)
ЖИЫНЫ: Автомобиль краны:									1,186 адам-с (0,5902 маш-с)

Кестенің соңы

№ р/с	Негіздеме	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Бір бірлікке уақыт нормасы адам-с (маш-с)	Буынның құрамы			Көлемге еңбек шығыны адам-с (маш-с)
						Кәсібі	Разряды	Саны	
11	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-16-б-кесте	Жүк көтергіштігі 10 т дейінгі мұнаралы кранмен монтаждау шығырларын төбеге беру	т	2,056	1,0622 0,5311	Такелажшы Автокран машинисі	2 2	2 1	2,184 (1,0919)
12	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-16--кесте	Жүк көтергіштігі 10 т дейінгі мұнаралы кранмен бұру блогы бар лифт шығырын төбеге беру	т	1,6	1,962 1,0034	Такелажшы Автокран машинисі	2 2	2 1	3,1392 (1,606)
13	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-1-16--кесте	Жүк көтергіштігі 10 т дейінгі мұнаралы кранмен бұру блогы бар тұғырды төбеге беру	т	0,650	2,938 1,468	Такелажшы Автокран машинисі	2 2	2 1	1,9097 (0,9542)
14	ҚР Е 8.04-1-2010, Е1 жинағы, 1-16--кесте	Жүк көтергіштігі 10 т дейінгі мұнаралы кранмен электр жабдықтарын төбеге беру	т	1,7	1,962 1,0034	Такелажшы Автокран машинисі	2 2	2 1	3,3354 (1,70578)
ЖИЫНЫ:									10,5683 адам-с
Мұнаралы кран:									(5,3579 маш-с)
БАРЛЫҒЫ:									14,6906 адам-с
Мұнаралы кран:									(5,3579 маш-с)
Автомобиль краны:									(1,5596 маш-с)
Бортты автомобиль:									(0,9694 маш-с)

Негізгі жұмыстар бойынша қорытындылар

мұнда 1016,244	адам-с – монтажшылардың еңбек шығындары;
23,0	маш-с – тұтқалы шығырды пайдалану;
97,35	маш-с – өтпелі монтаждау шығырын пайдалану;
17,233	маш-с – қосалқы өтпелі монтаждау шығырын пайдалану;
12,004	маш-с – машина бөлімшесінің монтаждау шығырын пайдалану;
28,363	маш-с – электрмен дәнекерлеу жабдығын пайдалану;
45,677	маш-с – перфораторды пайдалану
4,0	маш-с – бұрыш тегістеу машинкасын пайдалану.

Қосымша жұмыстар бойынша қорытындылар

14,6906 адам-с – құрылыс жұмысшыларының еңбек шығындары;	5,3579 маш-с – мұнаралы кранды пайдалану;
1,5596 маш-с – автомобиль кранын пайдалану;	0,9694 маш-с – бортты автомобильді пайдалану.

1-ЕСКЕРТПЕ

Кабиначы қозғалысының жылдамдығы 2 м/с-тен 4 м/с дейінгі лифттер үшін **әрбір аялдамаға** лифт сипаттамасында көрсетілгеннен (бір аялдама) көп немесе аз қосу немесе азайту:

39,4842 адам-с – монтажшылардың еңбек шығындары;
4,8694 маш-с – өтпелі монтаждау шығырын пайдалану;
1,0137 маш-с – қосалқы өтпелі монтаждау шығырын пайдалану ;
1,2107 маш-с – электрмен дәнекерлеу жабдығын пайдалану;
2,2292 маш-с – электроперфораторды пайдалану.

2-ЕСКЕРТПЕ

Кабиначы қозғалысының жылдамдығы 2 м/с-тен 4 м/с дейінгі лифттер үшін шахта биіктігінің **әрбір метрі үшін** лифт сипаттамасында көрсетілгеннен (1,0 м) көп немесе аз қосу немесе азайту:

5,5816 адам-с – құрылыс жұмысшыларының еңбек шығындары;
0,6898 маш-с – өтпелі монтаждау шығырын пайдалану;
0,1436 маш-с – қосалқы өтпелі монтаждау шығырын пайдалану ;
0,1715 маш-с – электрмен дәнекерлеу жабдығын пайдалану;
0,3158 маш-с – электроперфораторды пайдалану.

Содержание

1 Общие положения	113
2 Область применения	113
3 Нормативные ссылки	115
4 Характеристики основных применяемых материалов и изделий	117
5 Организация и технология производства работ	123
6 Потребность в материально-технических ресурсах	197
7 Требования к качеству работ	199
8 Техника безопасности и охрана труда	206
9 Калькуляции и нормирование затрат труда.....	211

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА ПРОИЗВОДСТВА РАБОТ ПО МОНТАЖУ ГРУЗОПАССАЖИРСКИХ ЛИФТОВ СО СКОРОСТЬЮ ДВИЖЕНИЯ ОТ 2,0 ДО 4 м/с

Дата введения 2015-11-02

1 Общие положения

1.1 Технологическая карта на производство работ по монтажу грузопассажирских лифтов со скоростью движения от 2 м/с до 4 м/с, разработана в соответствии с требованиями действующих нормативно-правовых актов (НПА) нормативно-технических документов (НТД) и предназначена для применения на строительных объектах Республики Казахстан.

1.2 Технологическая карта предназначена для обеспечения строительства рациональными решениями по организации, технологии и механизации производства строительных работ.

1.3 В технологической карте приведены:

- область применения;
- нормативные ссылки;
- характеристики основных применяемых материалов и изделий;
- организация и технология производства работ;
- потребность в материально-технических ресурсах;
- требования к качеству работ;
- техника безопасности и охрана труда;
- калькуляции и нормирование затрат труда.

1.4 Режим труда в данной технологической карте принят из условия оптимального темпа выполнения трудовых процессов при рациональной организации рабочего места, четкого распределения обязанностей между рабочими бригады с учетом разделения труда, применения усовершенствованного инструмента и инвентаря.

2 Область применения

2.1 Технологическая карта предусматривает выполнение работ по монтажу скоростных грузопассажирских (пассажирских) лифтов с верхним расположением машинного отделения, с полиспастной и прямой протяжкой (запасовкой) тяговых канатов, грузоподъемностью от 1350 до 1600 кг включительно и скоростью подъема от 2,0 м/с до 4,0 м/с, с электрическим приводом.

